Кестеге сәйкес ҰІӘ			**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Біз бірге жүреміз». **Негізгі қимылдар:** Бір-бірден сапқа тұру, шеңбер жасау. Бағытты өзгертіп жүру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды кеуденің алдына қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу (орнында тұрып). **Қимылды ойын:** «Түрлі-түсті жалаушалар». Тәрбиеші жалаушаны көтергенде балалар бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Таңертеңгі жаттығудың пайдасы туралы әңгімелесу. Тамақтан соң ауызды шаюды ескерту. **Нәтиже:** Сапқа тұруды үйренеді; иық бұлшықеттері шынығады. **Құқықтық сауаттылық: «Менің есімім —**	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Тар соқпақпен жүру». **Негізгі қимылдар:** Көлбеу тақтай бойымен (ені 20 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолды әртүрлі қалыпта (екі жақта, белде) ұстап жүру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю. **Спорттық жаттығулар:** Велосипед тебу (тренажер немесе аулада): оңға, солға бұрылуды үйрену. **Дербес қимыл:** Таза ауада еркін жүгіру, тақтай бойымен тепе-теңдік сақтау. **Нәтиже:** Биіктіктен қорықпай, тепе-теңдікті сақтап жүруді меңгереді. **Қаржылық сауаттылық: «Дүкенші мен Сатып алушы»** **Іс-әрекет:** «Тиын мен қағаз ақша» ойыны. **Барысы:** Балаларға заттардың тегін келмейтінін, ол үшін	**Музыка** **Тақырыбы:** «Көңілді оркестр». **Міндеті:** Өтілген дыбыс ерекшеліктерін (қатты-ақырын, биік-төмен) бекіту; Ойын әрекеттерін орындау. **Ойын: «Қайтала».** Тәрбиеші аспапта (даңғыра немесе сылдырмақ) қатты ұрса, балалар қатты шапалақтайды, ақырын ұрса — ақырын шапалақтайды. **Ұжымдық жұмыс:** Апта бойы үйренген әнді иллюстрациялармен және қимылдармен толық орындап шығу. **Нәтиже:** Музыкалық сауаттылықтың алғашқы негіздері (ырғақ, қарқын, серпін) бекиді. **Ұлттық құндылық дағдысы: «Әжемнің сандығы»** **Іс-әрекет:** «Тұмар жасау» (жапсыру). **Мазмұны:** Сандықтан ұлттық бұйымдарды (сәукеле, қамшы, асық) шығарып, маңызын айту.

			мақтанышым» **Іс-әрекет:** «Көңілді шеңбер» ойыны. **Мазмұны:** Әр баланың есімі болуы оның құқығы екенін айту. Допты бір-біріне лақтырып, есімдерін еркелетіп атау (мысалы, Айсұлтан — Айсу). «Менің отбасым» тақырыбында сурет салу (әр баланың қамқорлыққа құқығы бар).	«ақша» (ойыншық тиындар) төленетінін түсіндіру. «Қажеттілік» (нан, сүт) пен «Тілек» (тәттілер, ойыншық) арасындағы айырмашылықты үйрету.	Балалармен бірге қағаздан «Тұмар» қиып, бетіне қошқармүйіз оюын жапсыру
Екінші таңғы ас			Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген тағамның пайдасын түсіндіру, алғыс айтуды үйрету Тамақтануға дайындық **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Серуенгедайындық			Қауіпсіздік сақтау, жаңбыр суына түсіп кетпеу, жаңбыр суынан салқындап қалмау	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру,Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (күрек, құм илеу формалары, көктемгі ойын құралдары) дайындау	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (жемпір, шалбар, күртеше, қысқа етік, бас киім) кигізеді.
Серуен			**Серуен картотекасы №1** **Бақылау:** Гүлдердің үстінде ұшып жүрген алғашқы көбелектерді бақылау. Олардың қанаттарының әдемі,	**Серуен картотекасы№2** **Бақылау:** Күннің көзі мен ағаштардың көлеңкесін бақылау. Көлеңкеде салқын, ал күн шуағында жылы екенін сезіну.	**Серуен№3** **Бақылау:** Ағаш басындағы құстардың әртүрлі дауысын тыңдау. Көктемде олардың көңілді екенін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Дыбысты қайтала».

			түрлі-түсті екеніне назар аудару. **Тәжірибе-зерттеу:** «Көбелек қалай ұшады?». Жұқа қағаздан көбелек қиып, оны жіпке байлап, желмен қалай қозғалатынын көру. **Еңбек:** Ауладағы гүлдерді (бақбақтарды) жұлмау, олар көбелектердің «асханасы» екенін түсіндіру. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көбелектер мен гүлдер».** **Барысы:** Балалар — «көбелектер», музыкамен ұшады. Музыка тоқтағанда, тәрбиеші атаған түсті гүлдің (сары немесе жасыл шеңбер) қасына барып қонады. **Шығармашылық:** Түрлі-түсті борлармен асфальтқа үлкен «көбелектің қанатын» салу **Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру**	**Тәжірибе-зерттеу:** «Менің көлеңкем». Күнге қарап тұрып, өз көлеңкесін табу. Қолды қимылдатқанда көлеңкенің де «билейтінін» көру. **Еңбек:** Ойыншықтарды көлеңкеге реттеп жинау (күнге қызып кетпеуі үшін). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көлеңкеден қаштық».** **Барысы:** Тәрбиеші «Күнге шығамыз!» десе — балалар ойнайды, «Көлеңкеге тығыламыз!» десе — ағаш көлеңкесіне жүгіріп барады. **Шығармашылық:** Асфальтқа баланың көлеңкесін бормен айналдыра сызып (сұлбасын) шығу. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**	Тәрбиеші ысқырады немесе дыбыс шығарады, балалар соны қайталайды. **Еңбек:** Ағаш түбіне су құю (құстар отыратын ағаш шөлдемесін). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қай құс шақырды?».** **Барысы:** Тәрбиеші арқасын беріп тұрып дыбыстайды (қар-қар немесе гу-гу), балалар қай құс екенін табады. **Шығармашылық:** Түрлі-түсті қақпақтардан құм бетіне «сиқырлы құс» құрастыру. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуенненоралу			Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен	Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады тәрбиеші көмегімен Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді

			шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	болса киімдерін ауыстыруға көмектесу. **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**
Түскіас			Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Күндізгіұйқы			Қолдарын жуып, ұйқыға дайындалады. Киімдерін шешіп, өз төсегіне жатады. Тыныштық сақтап, тәрбиеші әңгімесін тыңдайды немесе баяу әуенге құлақ қояды	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Жайлы киім киюге көмектесу, «Адал ас» ертегісінің аудио нұсқасын қосу. Бөлмеде тыныштық орату
Біртінд еп ұйқыда нояту, сауықтырушаралар ы			Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау Табанмен жеңіл айналмалы қозғалыстар жасау. Массаж элементі ретінде дөңгелек тастар, түйірші резеңке, массаж	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі	Жағымды музыка қою Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар

			доптары қолдану	моншақты жолдар	
Бесінас			Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)			**Тақырыбы:** «1-ден 5-ке дейін санаймыз». **Міндеті:** 5 көлемінде тура және кері санауды үйрету; Қағаздан қарапайым композиция құрау. **Математика ойыны: «Баспалдақ».** Тәрбиеші текшелерден баспалдақ жасайды. Ойыншық қоян жоғары секіргенде балалармен бірге «1, 2, 3, 4, 5» деп тура санайды, төмен түскенде «5, 4, 3, 2, 1» деп кері санайды. **Құрастыру ойыны: «Көңілді моншақтар».** Түрлі-түсті қағаздан қиылған дөңгелектерді жіптің суреті салынған қағазға ретімен жапсыру. **Нәтиже:** 5-ке дейін тура және кері санауды қайталайды; Қағаз қиындыларын бетке орналастырады. **Математика негізі , құрастыру таным іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** «Ұзын және қысқа жолдар». **Міндеті:** Заттарды өсу және кему ретімен орналастыру; Ұзындық ұғымын қалыптастыру. **Математика ойыны: «Пойыз құрастыру».** Балаларға ұзындығы әртүрлі 3-4 таяқша (немесе жолақ қағаз) беріледі. Оларды ең қысқасынан бастап, ең ұзынына дейін (өсу ретімен) тізу керек. **Құрастыру ойыны: «Қоршау салайық».** Табиғи материалдарды (бұтақтарды) пайдаланып, ұзын және қысқа таяқшалардан ойыншық үйдің қоршауын құрастыру. **Нәтиже:** Заттарды ұзындығына қарай салыстырып, ретімен қоя алады. **Математика негізі , құрастыру таным іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** «Сиқырлы кітаптар мен текшелер». **Міндеті:** «Қалың-жұқа» ұғымдарын ажырату; Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Математика ойыны: «Қайсысы тығылады?».** Тәрбиеші қалың және жұқа кітапты (немесе текшені) көрсетеді. Жұқа затты қалың заттың артына тығып, «Неге көрінбей қалды?» деп талқылайды. Салыстыру арқылы сипаттайды. **Құрастыру ойыны: «Биік мұнара».** Қалдық материалдардан (қораптардан) қалың қорапты астына, жұқасын үстіне қойып, құлатпай мұнара тұрғызу. **Нәтиже:** Заттардың қалыңдығын сипап сезу арқылы ажыратады; Қалдық материалмен жұмыс істеуді үйренеді. **Математика негізі , құрастыру таным іс-әрекеті**

Балалармен жеке жұмыс			**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті** Баланың сөздік қорына жаңа сөздер қосу, зейінін шоғырландыру.Суреттер і бар кітаптар немесе карточкаларды пайдалану.Әр суретті көрсете отырып, атау: «Бұл – мысық, мысық не істеп жатыр?»Баланың суреттегі заттарды сипаттауына көмектесу.	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті** **Қимылдар арқылы** сөздерді есте сақтауға үйрету. «Кім не істеп жатыр?» ойыны. Балаларға жануарлардың қимылдарын көрсетуін сұрау («Мысық қалай жүреді?», «Құстар қалай ұшады?»).«Жасырылған затты тап» ойыны. Балаға затты сипаттау арқылы табуға көмектесу.	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті** **Ән айту және еліктеу арқылы**Баланың сөздерді түсініп айтуын дамыту.Жеңіл әндерді тыңдау («Қуырмаш» сияқты).Баладан әннің кейбір сөздерін қайталауын сұрау
Серуенгедайындық			Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атау
Серуен			**Серуен кешені №4** **Тақырыбы:** «Қоршаған ортадағы заттар» **Міндеті:** Балаларды заттардың орнын көрсетуге үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Бөлмеде: Балалар әртүрлі заттарды үстелге, сөреге орналастырады, «жоғары, төмен, жанында» сөздерін қолданады **Тәжірибелік іс-әрекет:** Заттарды дұрыс орналастыру арқылы тәжірибе жасау **Еңбек әрекеті:**	**Серуен кешені №5** **Тақырыбы:** «Еңбекке баулу» **Міндеті:** Балаларды қарапайым еңбектің нәтижесін бағалауға үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада / бөлмеде: Балалар бірге топырақты қазып, гүл отырғызады немесе ойыншықтарды жинастырады **Тәжірибелік іс-әрекет:** Шағын жобалар жасау, заттарды біріктіру **Еңбек әрекеті:** Жұмыс нәтижесін бағалау, таза	**Серуен кешені №6** **Тақырыбы:** «Көктемгі ауа» **Міндеті:** Балаларды таза ауада демалуға, айналаны байқауға үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар ағаштарды, гүлдерді бақылайды, желді сезінеді, қолдарын көтеріп, жүгіреді, секіреді **Тәжірибелік іс-әрекет:** Жапырақтарды жинап, түрін, түсін ажыратады **Еңбек әрекеті:** Қолдарымен топырақты босатып, кішкентай гүл отырғызады **Нәтиже:** Балалар қоршаған

			Ойыншықтарды жинап, әр затқа орын бөлу **Нәтиже:** Балалар заттардың орналасуын көрсетеді, тілдік сөздік қорын пайдаланады **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	ұстау **Нәтиже:** Балалар еңбектің нәтижесін бағалай алады, бірлесіп жұмыс істей біледі **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	ортаны сезіп, таза ауада қимылды дұрыс орындайды **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**
Серуеннен оралу			Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу
Кешкі Ас			Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)			**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті тамшылар». **Міндеті:** Қылқаламды баса отырып жуан, ұшымен жіңішке сызықтар салуды үйрету. **Сурет салу іс-әрекеті:** Балалар бұлттың астынан жоғарыдан төменге қарай ырғақты түрде «жаңбыр» салады. Қылқаламды басып —	**Тақырыбы:** «Әдемі кесе мен табақ». **Міндеті:** Ұлттық ою-өрнектерді қолданып, тұрмыстық заттарды безендіру. **Сурет салу іс-әрекеті:** Кесенің жиегін қаламмен солдан оңға қарай шеткі сызықтан шықпай бояп шығу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:**	**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті өрнектер». **Міндеті:** Қылқаламмен солдан оңға қарай ырғақты бояу және оюларды пішініне қарай үйлестіру. **Сурет салу іс-әрекеті:** Төртбұрышты кілемшенің ортасын солдан оңға қарай кең жолақпен (қылқаламды баса отырып) бояу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Сопақ

			жуан тамшылар, ұшымен — жіңішке тамшылар жүргізеді. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Пластилиннен дөңгелек пішінді «бүршіктер» жасап, оларды дайын ағаш мүсінінің бұтақтарына басып бекітеді. **Жапсыру іс-әрекеті:** Ағаштың айналасына дайын қиылған сары жапырақтарды бірдей арақашықтықта жапсыру. **Нәтиже:** Бояуды бір бағытта (жоғарыдан төмен) жағуды меңгереді; пластилинді негізге басып жапсыра алады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	Дайын мүсінделген кесенің бетіне дөңгелек және шаршы пішіндегі кішкентай пластилин оюларын жапсырып сәндеу. **Жапсыру іс-әрекеті:** Қағаздан қиылған «табаққа» ұлттық оюларды (дөңгелек, үшбұрыш элементтері) ретімен, арақашықтығын сақтай отырып орналастыру. **Нәтиже:** Элементтердің ретін сақтап, ыдысты безендіру дағдысы қалыптасады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	және үшбұрыш пішіндегі пластилин қиындыларынан кілемше жиегіне өрнек салу. **Жапсыру іс-әрекеті:** Кілемшенің бұрыштарына дайын үшбұрыш оюларды, ортасына дөңгелек оюды пішінін ескере отырып жапсыру. **Нәтиже:** Қылқаламмен ырғақты қозғалыс жасауды үйренеді; геометриялық пішіндерден композиция құрайды. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**
Балалардыңүйгекайтуы			Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тексерген Әдіскер: **Абсанова.Н**

Тәрбиешілер; Асылбекова.Р Досымова.А

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Сәуір 2-апта
Ересек 4-жас
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Апталық дәйек сөз: **«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.»**

Күнтәртібі	**Дүйсенбі** **06.04.2026**	**Сейсенбі** **07.04.2026**	**Сәрсенбі** **08.04.2026**	**Бейсенбі** **09.04.2026**	**Жұма** **10.04.2026**
Балаларды қабылдау	Балаға «Бүгін сені қандай қызық күтіп тұр!» деп ынталандыру. Баланы топқа еркін кіргізу, басқа балаларға қосу. **Медбике тексеруі** **ҚР әнұранын орындау**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**
Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Тақырыбы:** «Баталы бала — бақытты». **Міндеті:** «Ас қайыру» және «Бата беру» рәсімдерін үйрету; Фонематикалық естуді (дауыс ырғағы) жетілдіру. **Тіл дамыту ойыны: «Жаңғырық».** Тәрбиеші бата сөздерін («Әумин», «Бақытты бол») ақырын және қатты айтады, балалар соны ырғағымен қайталауы керек. **Көркем әдебиет (Іс-әрекет):** «Ақ бата» көрінісі. Балалар «Бата беретін ата» образына еніп, қолдарын жайып бата бергендей қимыл жасайды. **Нәтиже:** Ас қайыру әдебін біледі, бата беру кезіндегі қимылдарды (қол жаю) қайталайды. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** «Қош сау болыңыз!». **Міндеті:** Қонақты ризашылықпен шығарып салу; Етістіктерді (жүр, бар, айт) бекіту. **Тіл дамыту ойыны: «Жолың болсын!».** Қонаққа бағыт сілтеу: «Есікке **жүр**», «Далаға **шық**», «Сау бол **айт**». **Көркем әдебиет (Іс-әрекет):** «Қоянның үйіне қонақтар келді». Балалар таныс кейіпкерлердің образында (аю, түлкі) бір-бірін шығарып салып, сыпайы сөздер айтады. **Нәтиже:** Қонақты шығарып салу кезіндегі сыпайылық ережелерін сақтайды. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** «Тәтті дәм». **Міндеті:** Ұлттық тағамдардың (бауырсақ, қант) атын атау; Етістіктерді (қой, жай, әкел) қолдану. **Тіл дамыту ойыны: «Дастарқанды жаямыз».** Тәрбиеші бұйрық береді: «Дастарқанды **жай**», «Бауырсақты **әкел**», «Тәрелкеге **қой**». Балалар іс-қимылды орындай отырып, тағамдардың атын атайды. **Көркем әдебиет (Іс-әрекет):** «Бауырсақ қонақта» ертегісін жаңаша сомдау. Балалар «Бауырсақты» қонаққа шақырып, оған шай береді. **Нәтиже:** Дастарқан басындағы негізгі тағамдарды атайды және бұйрықты орындайды. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** «Ыдыстар сөйлейді». **Міндеті:** Қазақтың ұлттық ыдыстарымен таныстыру; Фонематикалық естуді дамыту. **Тіл дамыту ойыны: «Сылдырды тап».** Тәрбиеші кесені қасықпен ұрады, ожауды ұрады. Балалар көзін жұмып, қай ыдыстың дыбысы екенін табуы керек. Бейтаныс зат — «Ожау» туралы талқылау. **Көркем әдебиет (Іс-әрекет):** «Шай ішейік» ойыны. Қуыршақтарға шай құю арқылы кесені дұрыс ұсынуды («Мә, **ал**») сомдайды. **Нәтиже:** Ұлттық ыдыстарды (ожау, кесе) таниды, олардың дыбысын ажыратады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** «Өтінемін, рақмет!». **Міндеті:** Өтініш білдіруде сыпайы сөйлеу; Етістіктерді (берші, келші) жұмсақ айту. **Тіл дамыту ойыны: «Көмекші бала».** Балалар бір-біріне бұйрық береді, бірақ «ші/шы» жұрнағын қосады: «Маған нан **берші**», «Қасыма **келші**», «Жақсы сөз **айтшы**». **Көркем әдебиет (Іс-әрекет):** «Түлкі мен Тырна» ертегісінің желісімен ойын. Балалар түлкінің немесе тырнаның образына еніп, бір-біріне сыпайы қонақ болуды үйренеді. **Нәтиже:** Өтініш білдіруде сыпайылық танытады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**
Таңертенгіжаттығу	**Таңғы жаттығу №4** **"Арыстан мен қоян"** – Арыстан болып айғайлау, қоян болып секіру. **"Желмен тербелген бидай"** – Белді оңға-солға айналдыру. **"Бақбақтың түтігі"** – Терең тыныс алып,	**Таңғы жаттығу кешені№5** **Күн сәулесі"** – Қолды екі жаққа созып, айналу. **"Құстардың ұшуы"** – Қолды жоғары-төмен қозғалту. **"Жерден алма теру"** – Еңкейіп, қолды жоғары	**Таңғы жаттығу кешені№6** **"Бақа секірді"** – Отырып, секіру. **"Шөп үстінде жүгіріп"** – Бір орында жеңіл жүгіріс. **"Шалшықтан секіру"** – Екі аяқпен секіру	**Таңғы жаттығу кешені№7** **"Жаңбыр тамшысы"** – Қолды жоғары көтеріп, баяу түсіру. **"Құмырсқаның жүрісі"** – Төмен еңкейіп, аяқпен жылжу. **"Жылдам қасқыр"** – Бір	**Таңғы жаттығу кешені№8** **Торғай мен дән"** – Жерден дән алып, секіру. **"Көңілді доп"** – Орындарында секіру. **"Гүлдей ашылу"** – Қолды жоғары көтеріп, ақырын созылу.

	үрлеу.	көтеру.		орында жүгіру.	
Таңғыас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу, ас ішкенде дұрыс отыру қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету, тамақты ұқыпты ішу, дұрыс отыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қолдарын сабындап, көбікті үрлейді. Қасықты тәрелкеге салады. Ыстық тағамды үрлеп суытады. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
ҰІӘ дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Музыка** **Тақырыбы:** «Тұлпар мен тасбақа». **Міндеті:** Музыканың қарқынын (жылдам, баяу) сезіну; Иллюстрациялар арқылы ән мазмұнын түсіну. **Музыкалық-ырғақты қимыл:** Баяу музыкаға тасбақа сияқты ақырын жүру, жылдам музыкаға тұлпарша шауып жүру. **Көрнекілік:** Ән айту кезінде кейіпкерлердің (ат, тасбақа) суреттерін көрсету. **Нәтиже:** Музыканың	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Епті тырбаң». **Негізгі қимылдар:** Гимнастикалық қабырғаға (швед қабырғасы) ауыспалы қадаммен жоғары-төмен өрмелеу. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізерлеп тұрып, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру. **Қимылды ойын:** «Торғайлар мен мысық». Қабырғаға өрмелеу арқылы мысықтан тығылу. Ұйқының қанық болуы денсаулыққа қалай әсер ететінін түсіндіру (Күн	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Көңілді қояндар». **Негізгі қимылдар:** Орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см) секіру. Сапқа қайта тұру, араларын алшақ ұстау. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды желкеге қойып, түрегеліп тұрып айналу (орнында). **Спорттық жаттығулар:** Аяқтың бақайларымен орамалдарды (ұсақ заттарды) іліп алып, басқа орынға ауыстыру. **Дербес қимыл:** Құмда немесе жұмсақ төсеніште	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Біз — спортшымыз». **Негізгі қимылдар:** Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру. Оңға, солға бұрылу. Шашырап жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Екі жаққа бұрылу, қолдарды әртүрлі қалыпта (жоғары, төмен) сермеу. **Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап». Команда бойынша бағытты тауып, сапқа қайта тұру.	**Музыка** **Тақырыбы:** «Ақырын және қатты». **Міндеті:** Музыканың серпінін (ақырын, қатты) ажырату; Әнді топпен бастап, топпен аяқтауды үйрету. **Музыкалық ойын: «Ұйықта және биле».** Музыка ақырын ойнағанда балалар «ұйықтайды», қатты ойнағанда секіріп билейді. **Ән айту:** «Біз мектепке барамыз» (немесе кез келген таныс ән). Тәрбиешінің белгісімен әнді бірге бастап, бірге

	қарқынына қарай қимылдарын өзгерте алады. **Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Биік пен аласа». **Міндеті:** Сын есім: «Биік — аласа» ұғымдарын үйрету; Өтінішін сыпайы білдіру. **Ойын барысы: «Құрылысшылар»**. Текшелерден екі үй тұрғызу. «Мына үй — **биік**, мына үй — **аласа**». Бала өтініш айтады: «Маған биік текшені беріңізші». **Байланыстырып сөйлеу:** «Үйшік» ертегісі бойынша: «Аю үйшікке сыйды ма?», «Үй қандай болды?» (Кішкентай). **Нәтиже:** Заттарды биіктігіне қарай салыстырып сипаттай алады.	тәртібі). **Нәтиже:** Қол және аяқ бұлшықеттерінің үйлесімділігі дамиды. **Өнегелі минут: «Сиқырлы сөздер ағашы»** **Іс-әрекет:** «Жылы лебіз» жаттығуы. **Мазмұны:** Күн сайын таңертең 5 минут «Рахмет», «Кешіріңіз», «Қайырлы таң» сөздерін қай жерде қолдану керектігін сахналау. Бір-біріне күлімсіреп, қол алысу.	секіру жаттығуларын жасау. **Нәтиже:** Секіру кезінде аяқты дұрыс серпуді және қонуды үйренеді; жалпақтабандылықтың алдын алады **Қауіпсіздік: «Бағдаршам — біздің досымыз»** **Іс-әрекет:** «Қызыл, сары, жасыл» қимылды ойыны. **Мазмұны:** Көшедегі қауіпсіздік ережелері мен бейтаныс адамдармен сөйлеспеу туралы шағын ситуациялар. «Өрт сөндіруші» рөлі арқылы оттың қауіптілігін көрсету.	Шынықтыру рәсімдерінің (су, ауа) пайдасы туралы қорытынды әңгіме. **Нәтиже:** Командалық бұйрықтарды (сап түзеу, бұрылу) орындауды меңгереді. **Ерте кәсіптік бағдар: «Мамандықтар шеруі»** **Іс-әрекет:** «Мен кім болғым келеді?» рөлдік ойыны. **Мазмұны:** Аспаз (ойыншық тамақ пісіру), дәрігер (қуыршақты емдеу), құрылысшы (легодан үй салу) бұрыштарын жасау. Әр мамандықтың құралдарын (стетоскоп, ожау, балға) ажырату.	тоқтауды жаттықтыру. **Нәтиже:** Дыбыс қаттылығын ажыратады; ұжыммен бірге ән айту дағдысы қалыптасады. **Қаржылық сауаттылық: «Үнемшіл тиін»** **Іс-әрекет:** «Ақша қайдан келеді?» (әңгімелесу + ойын). **Мазмұны:** Балаларға ата-анасының жұмысқа баратынын, сол еңбегі үшін ақша алатынын түсіндіру. «Тиын жинау» ойыны: балаларға «еңбек» (ойыншықтарды жинау, гүлге су құю) тапсырылады, ол үшін оларға ойыншық тиындар беріледі. Сосын сол тиынға «дүкеннен» қажетті зат сатып алады.
2-ші таңғы ас	«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. : Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы.:Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

Серуенгедайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	**"Киімімді дұрыс киемін" (Өзін-өзі күту дағдысын дамыту)** балаларға көктемде қандай киімдер кию керектігін көрсету "Алдымен іш киім, содан кейін шалбар, жемпір, сосын күртеше" деп ретімен түсіндіру Балалар тәрбиешінің көмегімен өз бетінше киінуге көмектесу	**"Бір-бірімізге көмектесеміз" (Қайырымдылық пен достықты дамыту)** Балалар киіну көмек көрсету (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады.	**"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту)** Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	**"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу
Серуен	**Серуен картотекасы № 7** **Бақылау:** Күн шуағына шыққан сары бақбақ (одуванчик) гүлдерін бақылау. Олардың түсінің сары екенін, күнге ұқсайтынын айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Гүл не істейді?». Күн шыққанда гүлдің ашылатынын, ал кешке немесе жаңбырда жабылатынын әңгімелеу. **Еңбек:** Гүлдердің айналасындағы тастар мен қоқыстарды тазалау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аралар мен гүлдер».** **Барысы:** Балалар — «аралар», олар «жжж» деп ұшып жүреді. Тәрбиеші «Гүлге қон!»	**Серуен картотекасы №8** **Бақылау:** Шөп арасынан немесе ағаш діңінен қанқызын іздеп табу. Оның қызыл түсі мен қара нүктелерін санау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Қанқызы қалай жүреді?». Оның өте жай жүретінін және қанатын ашып ұшып кете алатынын бақылау. **Еңбек:** Жәндіктерді ренжітпеуге, оларды қолмен ұстамауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшты-ұшты қанқызы».** **Барысы:** Балалар қанаттарын жайып ақырын жүреді. «Қанқызы ұшты!» дегенде қолдарын сермейді, «Қонды!» дегенде тізе бүгіп отырады. **Шығармашылық:** Құмнан «қанқызына» арнап кішкентай төбешік жасап, үстіне тастардан	**Серуен картотекасы №9** **Бақылау:** Ағаш бұтақтарындағы бүршіктердің жарылып, кішкентай жасыл жапырақтардың шыққанын бақылау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жапырақ иісі». Жаңа шыққан жапырақтың иісін сезіну (үзіп алмай, бұтақта тұрғанда иіскеу). **Еңбек:** Ағаштарға су құю (жапырақтар үлкен болып өссін деп түсіндіру). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жел мен жапырақтар».** **Барысы:** Тәрбиеші (жел) ақырын үрлесе — балалар (жапырақтар) теңселеді, қатты үрлесе — жан-жаққа жүгіреді. **Шығармашылық:** Жасыл бормен асфальтқа ағаштың «кішкентай жапырақтарын»	**Серуен картотекасы №10** **Бақылау:** Құстардың ұяларына мамық, жіп тасып, ұяларын жылылап жатқанын бақылау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Қайсысы жылы?». Күн көзінде тұрған тасты және көлеңкедегі тасты ұстап көріп, жылуды сезіну. **Еңбек:** Аулаға құстар ұясына пайдаланса деп кішкентай түрлі-түсті жіп үзінділерін шашу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұядағы балапандар».** **Барысы:** Балалар «ұяда» (шеңберде) отырады. Тәрбиеші (анасы) «Жем әкелдім!» дегенде, балапандар ауыздарын ашып («шиқ-шиқ») бастарын көтереді.	**Серуен картотекасы №11** **Бақылау:** Ағаш түбінен немесе жол жиегінен құмырсқаларды іздеу. Олардың өздерінен үлкен заттарды (бұтақ, дән) тасып бара жатқан еңбекқорлығын бақылау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Құмырсқаның жолы». Құмырсқаның алдына кішкентай кедергі (таяқша) қойып, оның қалай айналып өтетінін көру. **Еңбек:** Құмырсқаның илеуін бұзбауға, оларды баспауға үйрену (қамқорлық). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еңбекқор құмырсқалар».** **Барысы:** Балалар — «құмырсқалар», олар тізбекпен (бірінің соңынан бірі) жүреді. Тәрбиеші «Жүк тасимыз!» дегенде,

	дегенде, әр бала бір «гүлдің» (шеңбердің) қасына барып отырады. **Шығармашылық:** Сары бормен асфальтқа «сары бақбақ» (дөңгелек және шуақтар) салу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	«нүктелер» қою. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру .	(сопақшалар) салу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	**Шығармашылық:** Құмнан «ұя» жасап, оның ішіне мақта немесе шөп салып «жылылау». Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	балалар қолдарына ойыншық алып, белгіленген жерге жеткізеді. **Шығармашылық:** Құмнан «құмырсқаның үйін» (төбешік) жасап, жан-жағына «жолдар» салу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру
Серуенненоралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**
Түскіас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

Күндізгіұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **(Музыка ән тыңдау дағдысы)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Бауырсақ** ертегісін айту Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату **(Көркем әдебиет)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Мысық, әтеш және түлкі** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Бесік жырын айту** **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Торғай мен тышқан** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдано яту, сауықтырушаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » құмды жолдар**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**
Бесінас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүст і ойындары,	**Тақырыбы:** «Пішіндерден үй салайық». **Міндеті:** Геометриялық пішіндерді атау; Қағаздан композиция	**Дидактикалық ойын: «Не жасырынғанын тап.» (Вариатив)** Ойын шарты: балаларға ұннан пісірілген нан	**Тақырыбы:** «Орман ағаштары». **Міндеті:** Заттарды биіктігіне қарай салыстыру; Табиғи материалдан құрастыру.	**Тақырыбы:** «Зымыран ұшады». **Міндеті:** 5 көлемінде кері санауды бекіту; Қағаздан композиция құрау. **Математика ойыны:**	**Тақырыбы:** «Көліктер жүретін жолдар». **Міндеті:** «Кең» және «тар» ұғымдарын түсіндіру; Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Математика ойыны:**

бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	құрастыру. **Математика ойыны: «Пішінді тап».** Қапшықтың ішінен шаршы, үшбұрыш, дөңгелекті ұстап көру арқылы тауып алу және олардың санын (5-ке дейін) санау. **Құрастыру ойыны: «Менің үйім».** Дайын қиылған шаршы (қабырғасы) мен үшбұрышты (шатыры) қағазға жапсырып, үй бейнесін құрастыру. **Нәтиже:** Негізгі пішіндерді атайды; Дайын бөліктерден бүтін бейне құрастырады. **Математика негізі, құрастыру таным іс-әрекеті**	түрлерін көрсету. Балалар көздерін жұмады, бір суретті алып қойылады. Балалар қай сурет жоқ екенін табуы керек. **Қорытынды:** Балалар, сонымен бауырсақ дастарқанға қалай келеді екен? Бауырсақ дастарқанға келу үшін кімдер еңбек етеді екен? Бауырсақтың қандай түрлері бар? Үйде аналарың қандай бауырсақ пісіреді?	**Математика ойыны: «Қай ағаш биік?».** Тәрбиеші балаларға биіктігі әртүрлі екі шыршаны көрсетеді. «Биік шыршаның астына аюды, аласа шыршаның астына қоянды **қой**» деп тапсырма береді. **Құрастыру ойыны: «Бұтақтардан жасалған ағаш».** Далада жиналған кішкентай бұтақтарды пластилинге қадап, «биік» және «аласа» ағаштардың моделін жасау. **Нәтиже:** «Биік» және «аласа» ұғымдарын ажыратып, сөйлеуде қолданады. **Математика негізі, құрастыру таным іс-әрекеті**	**«Зымыранның сөресі».** Балалар саусақтарын жұдырыққа түйіп, «5, 4, 3, 2, 1 — ұшты!» деп саусақтарын кезекпен ашып, қолдарын жоғары көтереді. **Құрастыру ойыны: «Аспан әлемі».** Түрлі-түсті қағаздан қиылған үшбұрыш пен тіктөртбұрышты біріктіріп, қағаз бетіне зымыранның суретін жапсыру. **Нәтиже:** 5-тен 1-ге дейін іркілмей кері санай алады. **Математика негізі, құрастыру таным іс-әрекеті**	**«Көлікке жол таңда».** Еденге екі таспа жайылады (бірі кең, бірі тар). «Кең жолмен үлкен машинаны, тар жолмен кішкентай машинаны **жүргіз».** **Құрастыру ойыны: «Көпір салайық».** Қалдық материалдардан (сүт қораптары немесе картон) кең және тар жолдардың үстіне көпір құрастыру. **Нәтиже:** Заттардың енін (кең-тар) салыстыра отырып сипаттайды. **Математика негізі, құрастыру таным іс-әрекеті**
Жеке баламен жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Шығармашылық дағдыларды дамыту **Іс-әрекет барысы:** Дөңгелек, ұзын пішінді заттарды суретке салады	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** Балалар есімін атағанда қол көтеріп жауап береді, өзін айнадан таниды	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Қимыл дағдыларын жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Ойын барысында ересек бақылауымен жүгіру, еңбектеу	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Сөйлеуді дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар кейбір дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтуға жаттығады	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Танымдық-зияткерлік дағдыларды жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Ересек үлгісіне сүйеніп қарапайым тапсырмалар орындайды
Серуенгедайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім	Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз,

	атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	т.б.).		мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту
Серуен	**Серуен картотекасы №12** **Тақырыбы:** «Қар мен су» **Міндеті:** Қардың еру процесін бақылау **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар қарды ұстап, қолмен еріту арқылы суға айналуын бақылайды **Тәжірибелік іс-әрекет:** Су деңгейін өлшейді, заттарды суға батыртып көрінеді **Еңбек әрекеті:** Қар мен суды ыдыстарға жинастырады, тазалайды **Нәтиже:** Балалар табиғат құбылыстарын байқап, тәжірибе жасайды **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	**Серуен картотекасы №13** **Тақырыбы:** «Жол қозғалысы ережелері» **Міндеті:** Балаларды қарапайым жол белгілерімен таныстыру **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада / тәжірибелік алаңда: Балалар бағдаршамдағы түске сәйкес жүреді, тоқтайды **Тәжірибелік іс-әрекет:** Белгішелерді көріп, атын айтады **Еңбек әрекеті:** Жол белгілерін өз орнына орналастыру, қауіпсіз жол жасау **Нәтиже:** Балалар жол белгілерін таниды, қауіпсіздік дағдыларын орындайды **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	**Серуен картотекасы №14** **Тақырыбы:** «Қоршаған ортадағы заттар» **Міндеті:** Балаларды заттардың орнын көрсетуге үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Бөлмеде: Балалар әртүрлі заттарды үстелге, сөреге орналастырады, «жоғары, төмен, жанында» сөздерін қолданады **Тәжірибелік іс-әрекет:**Заттарды дұрыс орналастыру арқылы тәжірибе жасау **Еңбек әрекеті:** Ойыншықтарды жинап, әр затқа орын бөлу **Нәтиже:** Балалар заттардың орналасуын көрсетеді, тілдік сөздік қорын пайдаланады **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	**Серуен картотекасы №15** **Тақырыбы:** «Еңбекке баулу» **Міндеті:** Балаларды қарапайым еңбектің нәтижесін бағалауға үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада / бөлмеде: Балалар бірге топырақты қазып, гүл отырғызады немесе ойыншықтарды жинастырады **Тәжірибелік іс-әрекет:** Шағын жобалар жасау, заттарды біріктіру **Еңбек әрекеті:** Жұмыс нәтижесін бағалау, таза ұстау **Нәтиже:** Балалар еңбектің нәтижесін бағалай алады, бірлесіп жұмыс істей біледі **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №16** **Тақырыбы:** «Құм және шағын құрылыс» **Міндеті:** Балаларды құммен тәжірибе жасауға, заттарды біріктіруге үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада / тәжірибелік алаңда: Балалар құмнан кішкентай қорған, жол салады, кішкентай ыдыстармен эксперимент жасайды **Тәжірибелік іс-әрекет:**Құмнан құрылыс элементтерін жасап, оларды біріктіреді **Еңбек әрекеті:** Құм алаңын тазалап, құрал-саймандарды орнына қояды **Нәтиже:** Балалар құммен ойнау арқылы қимылды үйлестіреді, қарапайым құрылыс дағдыларын меңгереді **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуеннен оралу	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен

	үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**
Кешкі ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы:** «Сыйлық салатын қоржын». **Міндеті:** Қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтар жүргізу; мүсінді оюлармен безендіру. **Сурет салу іс-әрекеті:** Қоржынның бетіне қылқаламның ұшымен жіңішке «жіптер» мен «өрнектер» (ирек сызықтар) салу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Пластилиннен жасалған қоржын мүсініне сопақ және дөңгелек ою элементтерін басып,	**Тақырыбы:** «Атаның торсығы». **Міндеті:** Алған дағдыларды (бояу, мүсіндеу, жапсыру) бір іс-әрекетте қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Торсықтың шеткі сызықтарынан шықпай, жоғарыдан төменге қарай ырғақты бояу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Торсықтың қақпағын дөңгелек пішінді пластилинмен безендіру. **Жапсыру іс-әрекеті:** Торсықтың ортасына ірі ұлттық оюды, шеттеріне	**Тақырыбы:** «Қыздың бас киімі». **Міндеті:** Қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтар жүргізу; Сопақ пішінді оюларды қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Сәукеленің жиегіне қылқаламның ұшымен жіңішке «моншақтар» мен «шашақтар» (тік сызықтар) салу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Пластилиннен сопақ пішінді «тастарды» мүсіндеп, сәукеленің жоғарғы жағына басып бекіту.	**Тақырыбы:** «Оюлы киім». **Міндеті:** Бояуда жақпаларды бір бағытта (жоғарыдан төмен) жағу; Геометриялық пішіндердің арақашықтығын сақтау. **Сурет салу іс-әрекеті:** Қамзолдың екі жағын қылқаламмен жоғарыдан төменге қарай шеткі сызықтан шықпай, бірқалыпты бояу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Шаршы және үшбұрыш пішінді пластилин қиындыларынан қамзолға	**Тақырыбы:** «Әженің сандығы». **Міндеті:** Солдан оңға қарай ырғақты бояу; Төртбұрыш пішіндегі ою элементтерін қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Төртбұрышты сандықтың қақпағын қаламмен не қылқаламмен солдан оңға қарай ырғақты түрде бояп шығу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Сандықтың «құлпын» дөңгелек пластилиннен мүсіндеп, ортасына басу. **Жапсыру іс-әрекеті:** Сандықтың бүйірлеріне

2-ші таңғы ас	Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру,үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Асты отырып ішу қажет екенін түсіндіру , ас ішіп болған соң алғыс айту. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген тағамның пайдасын түсіндіру, алғыс айтуды үйрету Тамақтануға дайындық **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Серуенгедайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту
Серуен	**Серуен картотекасы №27** **Бақылау:** Көгершіннің	**Серуен картотекасы №28** **Бақылау:** Биік ағаштағы қарғаның ұясын іздеп табу.	**Серуен картотекасы №29** **Бақылау:** Әтештің (ойыншық немесе сурет)	**Серуен картотекасы №30** **Бақылау:** Қаздың	**Серуен картотекасы №31** **Бақылау:** Үйректің аяғының ерекшелігін

	қанатын жайып ұшқанын бақылау. Қанаттарының үлкен екеніне назар аудару. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жел қалай соғады?». Қолға желпуіш немесе қағаз алып, оны сермеу арқылы «қанаттың» ауаны қалай қозғайтынын сезіну. **Еңбек:** Көгершіндерге арналған науаға (ыдысқа) таза су құю. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көгершіннің ұшуы».** **Барысы:** Балалар қолдарын екі жаққа жайып, баяу әуенмен шеңбер бойымен айналып ұшады. «Гу-гу» деп дыбыстайды. **Шығармашылық:** Асфальтқа ақ бормен көгершінге арнап үлкен «қанат» салу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	Қарғаның ұясына бұтақ тасып жүргенін бақылау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Не биік?». Ағаштың биіктігі мен баланың бойын салыстыру. Қарға неге биікке ұя салады? (Қауіпсіздік). **Еңбек:** Ауладағы ұсақ тастарды жинап, ағаш түбіне үйю. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұяға қон!».** **Барысы:** Жерге бірнеше шеңбер сызылады. «Қарғалар ұшты!» — балалар жүгіреді. «Ұяға!» — әр бала бір шеңбердің ішіне тұра қалады. **Шығармашылық:** Құмнан «қарғаның ұясын» жасап, ішіне кішкентай тастарды «жұмыртқа» ретінде қою. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	суретін көру. Оның басындағы қызыл айдары мен түрлі-түсті құйрығына назар аудару. **Тәжірибе-зерттеу:** «Кім қатты айқайлайды?». Әтештің «ку-ка-ре-ку!» деген дауысына еліктеп, дауыс ырғағымен ойнау. **Еңбек:** Ойыншықтарды серуеннен кейін себетке реттеп жинау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Әтеш пен тауықтар».** **Барысы:** Бір бала — «әтеш», қалғандары — «тауықтар». Әтеш айқайлағанда, тауықтар дән іздеуге шығады. **Шығармашылық:** Құм бетіне таяқшамен әтештің «тарағын» (ирек сызықтар) салу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	балапандары (сары үлпілдек) туралы әңгімелеу. Олардың анасының соңынан қалай еретінін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жұмсақ мақта». Сары мақтаны ұстап көріп, оның балапанның жүні сияқты жұмсақ екенін сезіну. **Еңбек:** Ауланың шетіндегі құраған шөптерді жинауға көмектесу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қаз бен балапан».** **Барысы:** Балалар тізбекпен (поезд сияқты) тәрбиешінің соңынан «қаңқ-қаңқ» деп жүреді. **Шығармашылық:** Сары бормен асфальтқа кішкентай «балапандарды» (дөңгелектер) салу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	(жарғақты аяқ) суреттен көру. Оның су ішкенін бақылау (басын төмен иеді). **Тәжірибе-зерттеу:** «Суды қалай ішеді?». Ойыншық үйрекке су беріп, оның тұмсығының жалпақ екенін көру. **Еңбек:** Ойыншық ыдыстарды сумен жуу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үйректер мен қаздар».** **Барысы:** Тәрбиеші «Үйректер!» десе — балалар «бақ-бақ» дейді, «Қаздар!» десе — «қаңқ-қаңқ» дейді. **Шығармашылық:** Құмнан үйрекке арнап «көлшік» жасау және жан-жағына тастар тізу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру
Серуенненоралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**

	Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу		**дағдысын қалыптастыпу**		
Түскіас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Күндізгіұйқы	**Бесік жыры**мен **қазақтың ертегілерін айту.** Бұл әдіс баланы тыныштандырып, ұйқыға дайындайтын ерекше әрі дәстүрлі әдіс. **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	Бала белгілі бір әдетке үйренген болса (мысалы, белгілі бір ойыншығымен ұйықтау, төсегінің жанында жарық шамының жануы), оны сақтау. **(Көркем әдебиет)**	Қызықты әңгіме айту немесе қиял ойыныБаланың елестету қабілетін дамыту үшін қызықты, бірақ тыныш әңгімелер айтыңыз. **(Көркем әдебиет)**	**Бесік жыры**мен **қазақтың ертегілерін айту.** Бұл әдіс баланы тыныштандырып, ұйқыға дайындайтын ерекше әрі дәстүрлі әдіс. **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	Бала белгілі бір әдетке үйренген болса (мысалы, белгілі бір ойыншығымен ұйықтау, төсегінің жанында жарық шамының жануы), оны сақтау. **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдано яту, сауықтырушаралары	Балаларға сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс ұстауға дағдыландыру**Мәдени – гигиеналық шараларды дамыту**	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындауДене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету	**Керуеттегі жаттығулар (2-3 минут)** Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару,	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **физикалық дағдыларды қалыптастыру**	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**
Бесінас	Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру,үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Асты отырып ішу қажет екенін түсіндіру , ас ішіп болған соң алғыс айту. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген тағамның пайдасын түсіндіру, алғыс айтуды үйрету Тамақтануға дайындық **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	**Тақырыбы:** «Машиналар жарысы». **Міндеті:** «Қалың-жұқа» ұғымдарын заттарды салыстыру арқылы бекіту. **Математика ойыны: «Көпірден өту».** Балаларға қалың картоннан және жұқа қағаздан жасалған «көпірлер» көрсетіледі. «Қайсысы мықты? Неге?». Салыстыру жүргізу. **Құрастыру ойыны: «Қағаз қатпарлары».** Қағазды қатпарлап (гармошка) бүктеп, оны қалың қағаз бетіне орналастырып, композиция құрау. **Нәтиже:** Заттардың қасиетін (қалың-жұқа) сипап сезу арқылы сипаттайды **Математика негізі ,Құрастыру іс-әрекеті**	**Ой қозғау (вариатив)** Сұрақтар: -Әке-шешесі баласына қонаққа кімдерді шақыр деді? -Бала қонаққа кімдерді шақырды? -Әкесі баласына не үшін ұрысты? -Бала жылап отырғанда көмекке не келді? -Қоян қандай қайырымдылық жасады? -Бізде қоянға ұқсап қайырымды бола аламыз ба? **Дидактикалық ойын:** «Досым-менің мақтанышым». **Ойынның шарты:** Балалар бір-біріне гүл ұсыну арқылы өз достарының бойындағы жақсы қасиеттерін айтады.	**Тақырыбы:** «Тамшылар мен көлшіктер». **Міндеті:** Заттарды үлкеннен кішіге қарай (кему ретімен) тізуді үйрету. **Математика ойыны: «Тамшыларды жина».** Балаларға әртүрлі көлемдегі 5 дөңгелек (тамшы) беріледі. Тәрбиеші: «Ең үлкен тамшыдан бастап, ең кішкентай тамшыға қарай ретімен **қой**» деп тапсырма береді. **Құрастыру ойыны: «Көңілді пирамида».** Түрлі-түсті қағаздан қиылған шаршыларды үлкеннен кішіге қарай бірінің үстіне бірін жапсырып, қағаздан «мұнара» құрастыру. **Нәтиже:** Заттардың көлемін салыстырып, кему ретімен орналастырады. **Математика негізі ,Құрастыру іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** «Сиқырлы тақталар». **Міндеті:** Заттарды қалыңдығына қарай ажыратып, салыстыруды бекіту. **Математика ойыны: «Қайсысы ауыр?».** Балаларға қалың картон мен жұқа қағаз беріледі. «Қалың картонды оң қолыңа, жұқа қағазды сол қолыңа **ал**». Олардың айырмашылығын сипап сезу арқылы айту. **Құрастыру ойыны: «Қалың қабырғалы үй».** Қалдық материалдарды (қалың қораптар) пайдаланып, ойыншықтарға арналған «берік үй» құрастыру. Ұқыптылыққа баулу. **Нәтиже:** «Қалың» және «жұқа» сөздерін сөйлемде орынды қолданады. **Математика негізі ,Құрастыру іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** «Баспалдақпен төмен түсеміз». **Міндеті:** 5-тен 1-ге дейін кері санауды ойын арқылы бекіту. **Математика ойыны: «Кім бірінші?».** Еденге 5 текшеден баспалдақ қойылады. Ойыншық аю әр баспалдақтан түскен сайын балалар хормен: «5, 4, 3, 2, 1 — түстік!» деп кері санайды. **Құрастыру ойыны: «Қағаздан жасалған баспалдақ».** Қағаз жолақтарын бүктеп, баспалдақ бейнесін құрастырып, оны қағаз бетіне жапсыру. **Нәтиже:** 5 көлемінде кері санауды іркілмей орындайды. **Математика негізі ,Құрастыру іс-әрекеті**
Жеке баламен жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Міндет:** Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар өз ата-анасын суреттен табады	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Қимыл-қозғалысты дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар қолдарын көтеріп, секіру жаттығуын жасайды	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Сөйлеуді дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар тәрбиешімен бірге тақпақ айтады	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Міндет:** Танымдық-зияткерлік қабілеттерін жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Балалар түстерді топтап, сұрақтарға жауап береді	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Шығармашылық қабілеттерін дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар ермексаздан қарапайым ойыншық жасайды
Серуенгедайындық	Балаларға қысқы ауа райының	Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы

	салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	қоршайды.	тексеру,Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен	**Серуен картотекасы №32** **Тақырыбы:** «Гүлдерді суару» **Міндеті:** Балаларды өсімдіктерге күтім жасауға үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар гүлдерді сумен суарады, сабақтарын ұстайды **Тәжірибелік іс-әрекет:** Гүлдің жапырақтарын ажыратып, суаруды тәжірибе ретінде көрсету **Еңбек әрекеті:** Су құю, топырақты тегістеу **Нәтиже:** Балалар өсімдіктерді күтуді меңгереді, еңбек дағдылары дамиды **Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №33** **Тақырыбы:** «Құмдағы іздер» **Міндеті:** Балаларды құмдағы қимылды бақылауға баулу **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар аяқпен, қолмен құмға іздер жасайды, әртүрлі пішіндерді құрайды **Тәжірибелік іс-әрекет:** Қолмен және аяқпен әртүрлі іздерді жасау **Еңбек әрекеті:** Құрал-саймандарды жинау, құмды тегістеу **Нәтиже:** Балалар сенсорика мен қимылды үйлестіреді **Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №34** **Тақырыбы:** «Жол белгілері» **Міндеті:** Балаларды жол қозғалысы ережелерімен таныстыру **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар бағдаршам сигналдарын орындайды, жол белгілерін таныстырады **Тәжірибелік іс-әрекет:** Белгілерді аттап өту, дұрыс орындау **Еңбек әрекеті:** Жол белгілерін өз орнына қою **Нәтиже:** Балалар қауіпсіздік дағдыларын меңгереді **Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №35** **Тақырыбы:** «Табиғаттағы түстер» **Міндеті:** Балаларды табиғаттағы түстерді ажырата білуге үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар гүл, жапырақ, топырақ түстерін атау **Тәжірибелік іс-әрекет:** Түстерге сәйкес заттарды топтау **Еңбек әрекеті:** Заттарды дұрыс орналастыру, жинау **Нәтиже:** Балалар түстерді ажыратып, дұрыс сәйкестендіреді **Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №36** **Тақырыбы:** «Жануарлар мен гүлдер» **Міндеті:** Балаларды табиғаттағы тірі заттарды байланыстыруға үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар «жануарға гүл бер» ойынын ойнайды **Тәжірибелік іс-әрекет:** Суреттерді сәйкестендіру **Еңбек әрекеті:** Заттарды орнына қою **Нәтиже:** Балалар табиғаттағы себеп-салдарлық байланысты байқайды **Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуеннен оралу	**Киімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге,	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге,	**Киімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге,

	немесе шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**	өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**
Кешкі ас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы:** «Сыйлы қонаққа арналған ыдыс». **Міндеті:** Қылқаламды баса отырып жуан сызықтар жүргізу; Үшбұрыш пішінді оюларды қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Кесенің жиегіне қылқаламды үстінен баса отырып, жуан «алтын» жолақ жүргізу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Дайын мүсінделген кесенің ортасына үшбұрыш және дөңгелек пластилин оюларын басып, өрнек салу.	**Тақырыбы:** «Көгілдір көл мен таулар». **Міндеті:** Алған барлық дағдыны (бояу, мүсіндеу, жапсыру) ұжымдық композицияда қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Үлкен қағазға қылқаламмен жоғарыдан төменге қарай таулар мен көлдің толқындарын (жуан және жіңішке сызықтармен) салу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Пластилиннен дөңгелек «күнді» және сопақ «бұлттарды» мүсіндеп, аспанға орналастыру. **Жапсыру іс-әрекеті:** Дайын қиылған ақ киіз	**Тақырыбы:** «Жылы мәсіні безендіру». **Міндеті:** Қылқаламмен жоғарыдан төменге қарай ырғақты бояу; Сопақ пішінді оюларды қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Мәсінің қонышын қылқаламмен жоғарыдан төменге қарай шеткі сызықтан шықпай, бірқалыпты бояп шығу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Пластилиннен сопақ және дөңгелек пішінді «моншақтар» мүсіндеп, мәсінің жиегіне басып орналастыру. **Жапсыру іс-әрекеті:** Мәсінің өкшесі мен	**Тақырыбы:** «Сыйлық салатын әмиян». **Міндеті:** Қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтар жүргізу; Дөңгелек пішінді оюларды қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Әмияннның (макеттің) бетіне қылқаламның ұшымен жіңішке «жіптер» мен «шашақтар» (ирек сызықтар) салу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Пластилиннен дөңгелек пішінді «теңгелер» мүсіндеп, оның бетіне саусақпен басып өрнек салу.	**Тақырыбы:** «Қонаққа тартқан табақ». **Міндеті:** Қылқаламды баса отырып жуан сызықтар жүргізу; Үшбұрыш пішінді оюларды қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Дөңгелек табақтың жиегіне қылқаламды үстінен баса отырып, жуан жолақ (жиек) жүргізу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Дайын мүсінделген табақтың ортасына үшбұрыш және шаршы пішінді пластилин оюларын басып, өрнек салу. **Жапсыру іс-әрекеті:** Табақтың жиектеріне

	Жапсыру іс-әрекеті: Кесенің табанына ұлттық ою-өрнекті пішінін ескере отырып, ұқыпты жапсыру. **Нәтиже:** Жуан сызықтарды сенімді жүргізеді; мүсін мен жапсыруды үйлестіре алады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	үйлер мен гүлдерді арақашықтықты сақтай отырып, жайлау бетіне жапсыру. **Нәтиже:** Күрделі мазмұнды суретті толық безендіреді; ұжымда жұмыс істеу дағдысы бекиді. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	тұмсығына дайын қиылған кішкентай өрнектерді пішінін ескере отырып жапсыру. **Нәтиже:** Бояуды бір бағытта (тік) жағуды бекітеді; тұрмыстық затты безендіруде ұқыптылық танытады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**Жапсыру іс-әрекеті:** Әмиянның ортасына дайын дөңгелек оюларды арақашықтықты сақтай отырып, ретімен жапсыру. **Нәтиже:** Жіңішке сызықтарды жүргізу техникасын меңгереді; затты симметриялы безендіреді. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	дайын қиылған ұлттық ою-өрнекті арақашықтықты сақтай отырып жапсыру. **Нәтиже:** Қылқаламның басу күшін реттей алады; ыдыс-аяқты безендіру дағдысы бекиді. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**
Балалардыңүйгекайту ы	«Балалардың ертегілерді тыңдауы» ата аналарға арналған кеңес.	«Топта ыңғайлы аяқ киім кию» туралы ата аналармен әңгімелесу.	Балаларға денешынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметіне киім туралы айту.	«Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру»	Жолда жүру ережесі сақтау

Тексерген Әдіскер: **Абсанова.Н**

Тәрбиешілер: Асылбекова.Р Досымова.А

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Сәуір 5-апта
Ересек 4-жас

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Апталық дәйек сөз:**«Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»**

Құрманғазы — «Серпер» күйі
https://www.youtube.com/watch?v=OMwr7zSNiOI&utm_source=chatgpt.com

Күнтәртібі	**Дүйсенбі** **27.04.2026**	**Сейсенбі** **28.04.2026**	**Сәрсенбі** **29.04.2026**	**Бейсенбі** **30.04.2026**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу** **Гимн қосу**	Салемдесу Жақсы көңіл күй тілеу,Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйрету. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»**	Баланың киімін шешуге көмектесу, «Өзің істегің келе ме?» деп дербестікке ынталандыру. Баланың көңіл-күйін сұрау, қысқаша әңгімелесу **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баланы құшақтап қарсы алу. Балаға шағын мақтау айту: «Сен бүгін әдемі киініп келіпсің **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	

Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу	Балалардың күнделікті іс-әрекетін көріп, ата-аналардың пікірін тыңдау. Ата-аналар мүдде мен өзара түсіністікті сезінеді.	Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	**Ұлттық құндылық: «Сәлемдесу – әдептің басы»** **Мақсаты:** Балаға амандасу, үлкенді сыйлау дағдысын үйретуге ата-ананы ынталандыру. **Әңгімелесу барысы:** «Бала үйге келген қонаққа сәлем бере ме?» «Үйде ата-әжеге қалай сөйлейді?» «Сәлемдесуді кім үлгі етеді?» **Кеңес:** Үйге кіргенде: «Сәлеметсіз бе?» деп бірге айту Баланы мәжбүрлемей, үлгі арқылы үйрету «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» қағидасын күнде қайталау	**Үнемдеу: «Нанды қадірлеу, тамақты төкпеу»** **Мақсаты:** Тағамды қадірлеу, ысырап етпеу дағдысын қалыптастыру. **Әңгімелесу барысы:** «Бала тамақты толық жей ме, төге ме?» «Артық тамақ қалса не істейсіз?» «Нанды ойнап тастай ма?» **Кеңес:** Балаға аз мөлшерден салып, қайта қосу «Нан – қасиетті» түсінігін жұмсақ айту Тамақ үстінде тыныш отыру дағдысын қалыптастыру	
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Тақырыбы:** «Ақ бата». **Міндеті:** Бата беру рәсімін бекіту; Фонематикалық естуді (интонация) жетілдіру. **Тіл дамыту ойыны: «Қайтала!»**. Тәрбиеші батаны түрлі дауыспен (жуан, жіңішке) айтады, балалар солай қайталауы керек. **Көркем әдебиет (Іс-әрекет):** «Баталы бала — ақылды». Балалар «қария» образына еніп, достарына: «Үлкен **бол**», «Аман **жүр**»	**ақырыбы:** «Біз бәрін үйрендік!». **Міндеті:** 20 күн бойы өткен барлық тақырыптарды жинақтау. **Тіл дамыту ойыны: «Қонақ күту саяхаты»**. Балаларға түрлі жағдаяттар беріледі: «Есік қағылды, не істейсің?», «Қонақ шай ішіп болды, не айтасың?». **Көркем әдебиет (Іс-әрекет):** «Үлкен той». Балалар топ ішінде «үй иесі» және «қонақтар»	**Тақырыбы:** «Сәлем — сөздің анасы». **Міндеті:** Қонақты қарсы алу, төрге шақыру әдебін үйрету; Фонематикалық естуді дамыту. **Тіл дамыту ойыны: «Кім келе жатыр?»**. Тәрбиеші экраннан немесе суреттен аттың шабысын (дүсір), машинаның дыбысын, есік қаққанын қосады. Балалар дыбысты ажыратып, кім келгенін табуы керек. **Көркем әдебиет (Іс-әрекет):** «Ата мен Әже»	**Тақырыбы:** «Сыбаға деген не?». **Міндеті:** «Сыбаға» ұғымын түсіндіру; Етістіктерді (бер, ал, сал) қолдану. **Тіл дамыту ойыны: «Табақ тарту»**. Ойыншық ыдыстарды қолданып, тәрбиеші бұйрық береді: «Нанды **сал**», «Етті **бер**», «Қонаққа **апар**». Балалар бұйрықты орындай отырып, сөздерді қайталайды. **Көркем әдебиет (Іс-**	

	деп бата бергендей болады. **Нәтиже:** Бата беру кезіндегі қол жаю қимылы мен интонацияны дұрыс сақтайды. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	болып бөлініп, амандасудан бастап шығарып салуға дейінгі барлық дәстүрді өз бетінше сомдайды. **Нәтиже:** Қонақжайлылық этикетін толық меңгереді, бұйрық райлы етістіктерді еркін сөйлемде қолданады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	рөлдік ойыны. Балаларға ата мен әженің образын сомдап, қонаққа: «Амансыз ба! Төрге **отыр**!» — деп бұйрық райда айтуды үйрету. **Нәтиже:** Қонақпен амандасып, төрге шақыруды үйренеді. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	**әрекет):** «Алдар Көсе қонақта» көрінісі. Балалар таныс кейіпкер Алдарға «сыбаға» ұсынады. **Нәтиже:** «Сыбаға» сөзінің мағынасын түсінеді, етістіктерді бұйрық райда қолданады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті**	
Таңертенгіжаттығу	**№19 жаттығу** **«Гномның қалпағы»:** Қолды бас үстіне қойып, үшбұрыш жасау. Оңға-солға еңкейу. **«Орман жолы»:** Аяқты барынша кең ашып, «үлкен тастардан» аттап өткендей жүру. **«Тығылыспақ»:** Қолмен бетті жауып, «Гном қайда?» деп қайта ашу.	**Жаттығу №20** **«Шауып келемін»:** Тізені жоғары көтеріп, бір орында жүру. «Топ-топ-топ». **«Тұлпардың басы»:** Қолды алға созып, «тізгін» ұстағандай болып, денені алға-артқа теңселту. **«Шаршаған ат»:** Басты төмен түсіріп, қолды сілкіп, «Пр-р-р» деп дыбыстау.	**№11 жаттығу** **«Тікенектер»:** Қол саусақтарын айқастырып, жоғары созу (кірпі тікенін көрсету). **«Кірпі жиырылды»:** Жүрелеп отырып, тізені құшақтау, басты төмен түсіру (домалақ кірпі болу). **«Кірпі жүреді»:** Аяқтың ұшымен, тізені бүкпей майда адымдармен жүру.	**№12 жаттығу** **«Құлақтар»:** Саусақтарды құлаққа апарып, «шиқ-шиқ» деп дыбыстау. **«Мысықтан тығылу»:** Еңкейіп, қолмен тізені ұстау, жан-жағына қорқа қарау. **«Тышқанның жүгірісі»:** Өте жылдам, бірақ дыбыссыз бір орында жүгіру.	
Таңғыас	Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	

		дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)			
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	
Кесте бойынша ҰІӘ	**Музыка** **Тақырыбы:** «Ақырын және қатты». **Міндеті:** Музыканың серпінін (ақырын, қатты) ажырату; Әнді топпен бастап, топпен аяқтауды үйрету. **Музыкалық ойын: «Ұйықта және биле».** Музыка ақырын ойнағанда балалар «ұйықтайды», қатты ойнағанда секіріп билейді. **Ән айту:** «Біз мектепке барамыз» (немесе кез келген таныс ән). Тәрбиешінің белгісімен әнді бірге бастап, бірге тоқтауды жаттықтыру. **Нәтиже:** Дыбыс қаттылығын ажыратады; ұжыммен бірге ән айту дағдысы қалыптасады. **Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Жылы сөздер». **Міндеті:** Сәлемдесу және ырзашылық білдіруде сыпайылықты сақтау; «Ү» дыбысын дұрыс айту.	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Біз — батырмыз». **Негізгі қимылдар:** Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу (қайталау). Қолды кеуде алдына ұстап, бағытты өзгертіп жүру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен ұсақ заттарды (текшелерді) бір себеттен екінші себетке тасу. **Қимылды ойын:** «Түлкі мен балапандар». Балалар «балапан» болып, белгі бойынша гимнастикалық қабырғаға (биікке) өрмелеп тығылады. Таңертеңгі жаттығудан кейін дененің сергек болатыны туралы түсінік. **Нәтиже:** Өрмелеу кезінде аяқ-қол үйлесімділігін (координация) сақтайды. **Ерте кәсіптік бағдар:**	**Дене Тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Тар көпірден өту». **Негізгі қимылдар:** Көлбеу тақтай бойымен (биіктігі 30-35 см) қолды екі жаққа созып жүру. Араларын алшақ ұстау және жақын тұру (арақашықтықты сақтау). **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю. Қолды желкеге қойып, иықтарды түзеп бұрылу. **Спорттық жаттығулар:** Велосипед тебу элементтері: рөлді оңға, солға дұрыс бұруды имитациялау. **Мәдени-гигиеналық дағды:** Тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюды өз бетінше орындау. **Нәтиже:** Саптағы арақашықтықты (дистанция) сезінеді және тепе-теңдікті сақтайды. **Қаржылық сауаттылық: «Менің алғашқы жинағым»**	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Көңілді эстафета». **Негізгі қимылдар:** Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру. Орнынан ұзындыққа (70 см) секіру. Орнында айналу. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру (арқамен жатып немесе отырып). **Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап». Белгі бойынша шашырап жүгіру және қайтадан сапқа (өз орнына) тұру. **Дербес қимыл:** Ауа-райына сәйкес таза ауада секіру және жүгіру жаттығуларын еркін орындау. **Нәтиже:** Секіру кезінде дұрыс серпіледі; сапқа қайта тұру бұйрығын жылдам орындайды. **Құқықтық сауаттылық: «Менің демалуға құқығым бар»** **Іс-әрекет:** «Көңілді үзіліс» (еркін ойын).	

	Ойын барысы: «Жылы доп». Балалар шеңберде тұрып, бір-біріне доп береді. Допты алған бала: «Рақмет», «Кешіріңіз», «Сәлеметсіз бе» сияқты сыпайы сөздерді айтады. Тәрбиеші «Ү-ү-ү» деп дыбыстағанда, балалар еріндерін алға созады. **Байланыстырып сөйлеу:** «Әдепті бала» әңгімесін тыңдап, «Бала апаймен қалай амандасты?» деген сұраққа жауап беру. **Нәтиже:** Сыпайы сөйлеу әдебін күнделікті қарым-қатынаста қолданады. **Ұлттық құндылық дағдысы: «Төрдегі қонақ — құт»** **Іс-әрекет:** «Сәлемдесу әдебі» (рөлдік ойын). **Мазмұны:** Үлкен адамды көргенде «Ассалаумағалейкум», «Амансыз ба?» деп амандасу, жол беру, иіліп сәлем беру (қыздарға) дәстүрлерін үйрету. Ата мен әженің төрде отыру себебін (үлкенге құрмет) түсіндіру.	**«Нан қайдан келеді?»** **Іс-әрекет:** «Диқаннан дүкенге дейін» (тізбекті ойын). **Мазмұны:** Нанның дастарқанға келу жолын (диқан — наубайшы — жүргізуші — сатушы) суреттер арқылы көрсету. Балаларға қамырмен (немесе ермексазбен) «бауырсақ пісіру» рөлін беру.	**Іс-әрекет:** «Жинақ сандықшасын жасау» (құрастыру). **Мазмұны:** Қалдық материалдан (бос қорап немесе құты) «Ақша жинағышын» (копилка) жасау. Балаларға: «Егер біз бүгін кәмпит алмай, ақшаны осы сандықшаға салсақ, ертең үлкен ойыншық ала аламыз», – деп түсіндіру	**Мазмұны:** Балаларға әр адамның жұмыс істеуге ғана емес, демалуға, ойнауға және ұйықтауға құқығы бар екенін айту. «Кім қалай демалады?» ойыны: суреттерден ұйықтап жатқан баланы, ойнап жүрген баланы тауып, оның маңыздылығын талқылау.	
2-ші таңғы ас	Қасықты дұрыс ұстау және төгіп алмай жеу дағдыларын қалыптастыру. "Кім бірінші жейді емес, кім ұқыпты жейді?" ойынын ойнау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген тағамның пайдасын түсіндіру, алғыс айтуды үйрету Тамақтануға дайындық **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	

		пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**			
Серуенгедайындық	**"Бір-бірімізге көмектесеміз" (Қайырымдылық пен достықты дамыту)** Балалар киіну көмек көрсету (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады. **«Табиғатты қорғайық»**Түсіндіру: «Қоқысты жерге тастамау керек».	Өздігінен реттілікпен киінуді үйрету Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Қауіпсіздік сақтау, жаңбыр суына түсіп кетпеу, жаңбыр суынан салқындап қалмау	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру,Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (күрек, құм илеу формалары, көктемгі ойын құралдары) дайындау	
Серуен	**Серуен №37** **Бақылау:** Құстардың жерден не іздейтінін (құрт, дән) бақылау. Олардың тоқтамай жұмыс істейтінін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Дән қайда тығылды?». Құм арасына дәндерді тығып, оны таяқшамен іздеп табу (құстардың еңбегін сезіну). **Еңбек:** Құстарға нан қоқымдарын ұсақтап дайындау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Дән шоқы».** **Барысы:** Балалар жүрелеп отырып, екі саусағымен жерді «тоқ-тоқ» етіп ұрады	**Серуен№38** **Бақылау:** Жел соққанда құстардың қалай ұшатынын көру. Желдің бағытын бақылау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Желдің күші». Қолға лента алып, оның желмен қалай желбірейтінін көру. **Еңбек:** Жел ұшырып әкеткен ойыншықтарды орнына жинау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жел мен торғайлар».** **Барысы:** Тәрбиеші үрлесе (жел) — торғайлар тығылады, тоқтаса — ұшады.	**Серуен№39** **Бақылау:** Ағаш басындағы құстардың әртүрлі дауысын тыңдау. Көктемде олардың көңілді екенін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Дыбысты қайтала». Тәрбиеші ысқырады немесе дыбыс шығарады, балалар соны қайталайды. **Еңбек:** Ағаш түбіне су құю (құстар отыратын ағаш шөлдемесін). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қай құс шақырды?».** **Барысы:** Тәрбиеші арқасын беріп тұрып дыбыстайды (қар-қар	**Серуен картотекасы№40** **Тақырыбы:** «Су әлемі» **Міндеті:** Су мен құрлықтағы әрекеттерді ажырату **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Бөлмеде: Балалар суға зат батыртып, «батып-қалқып шығу» қимылдарын қайталайды **Тәжірибелік іс-әрекет:** Су деңгейін бақылау, ыдысқа толтыру және босату **Еңбек әрекеті:** Суды ыдыстан ыдысқа құйып, таза ұстауды үйрену **Нәтиже:** Балалар судың қасиеттерін байқайды, қимыл-қозғалысты	

	(дән шоқиды). **Шығармашылық:** Құм бетіне саусақпен «көп дән» (кішкентай шұңқырлар) жасау. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Шығармашылық:** Асфальтқа көк бормен «желдің ізін» (толқынды сызықтар) салу. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	немесе гу-гу), балалар қай құс екенін табады. **Шығармашылық:** Түрлі-түсті қақпақтардан құм бетіне «сиқырлы құс» құрастыру. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	үйлестіреді Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу	
Серуенненоралу	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады тәрбиеші көмегімен Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу. **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	
Түскіас	Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті**	

		туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**		**қалыптастыру)**	
Күндізгіұйқы	Маркировка бойынша балалар өз орындарын тауып жату, «мақта қыз» ертегісінің аудио нұсқасын қосу.	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу	Қолдарын жуып, ұйқыға дайындалады. Киімдерін шешіп, өз төсегіне жатады. Тыныштық сақтап, тәрбиеші әңгімесін тыңдайды немесе баяу әуенге құлақ қояды	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	
Біртіндеп ұйқыдано яту, сауықтырушаралары	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау Табанмен жеңіл айналмалы қозғалыстар жасау. Массаж элементі ретінде дөңгелек тастар, түйірші резеңке, массаж доптары қолдану	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар	
Бесінас	Асты отырып ішу қажет екенін түсіндіру , ас ішіп болған соң алғыс айту. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	**Тақырыбы:** «Үйге барар жол». **Міндеті:** Заттардың ұзындығын көзбен мөлшерлеу және салыстыру. **Математика ойыны: «Қай жол қысқа?».** Еденде екі жіп жатады (ұзын және қысқа). «Қуыршақ үйіне тез жетуі үшін қай жолды таңдайды? Қысқа жолмен **жүргіз**». **Құрастыру ойыны: «Табиғи материалдан жол салайық».** Даладағы ұсақ тастарды немесе бұтақтарды пайдаланып, ұзын және қысқа «соқпақ жолдар» құрастыру. **Нәтиже:** Ұзындық ұғымдарын (ұзын-қысқа) практикада қолданады. **Математика негізі, құрастыру танымдық іс-әрекеттер**	***Тақырыбы: «Адасқан құмырсқа» ертегісі (Вариатив)*** ***Мақсаты:*** *Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету.Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.Достыққа тәрбиелеу.*	**Тақырыбы:** «Дүкеннен зат сатып аламыз». **Міндеті:** 5 көлемінде санауды бекіту; Заттарды биіктігі мен ұзындығы бойынша салыстыру. **Математика ойыны: «Сатып алушы».** Сөреде 5 ойыншық тұрады. Тәрбиеші: «3-ші тұрған **биік** қонжықты **ал**», «5-ші тұрған **жұқа** кітапты **әкел**» деп тапсырма береді. Балалар санап, заттың қасиетін айтады. **Құрастыру ойыны: «Сөрелер құрастыру».** Қалдық материалдардан (қораптардан) ойыншықтарға арналған **ұзын** және **қысқа** сөрелер құрастыру. **Нәтиже:** 5-ке дейін санауды және шама ұғымдарын (биік-аласа, ұзын-қысқа) ойын үстінде қолданады. **Математика негізі , құрастыру таным іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** «Пішіндерден құралған табиғат». **Міндеті:** Геометриялық пішіндерді (шаршы, үшбұрыш, дөңгелек) тану; Қағаздан композиция құрау. **Математика ойыны: «Пішінді тап».** Еденде шашылып жатқан пішіндердің ішінен тәрбиеші айтқан пішінді тауып, оның **қалың** немесе **жұқа** екенін анықтау. **Құрастыру ойыны: «Көңілді орман».** Түрлі-түсті қағаздан қиылған үшбұрыштардан (шырша), дөңгелектерден (күн), шаршылардан (үй) үлкен композиция құрастырып жапсыру. **Нәтиже:** Негізгі пішіндерді ажыратады және олардан бүтін бейне құрастыра алады. **Математика негізі , құрастыру таным іс-әрекеті**	
Жеке баламен жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** Сумен, құммен ойнау кезінде тәрбиеші қауіпсіздік ережесін түсіндіреді	**Мониторинг бойынша баламен жұмыс Д/ойын «Дәл осындай пішінді тап»** Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті** Баланың сөздік қорына жаңа сөздер қосу, зейінін шоғырландыру.Суреттері бар кітаптар немесе карточкаларды пайдалану.Әр суретті көрсете отырып, атау: «Бұл – мысық, мысық не істеп	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекеті** **Қимылдар арқылы** сөздерді есте сақтауға үйрету. «Кім не істеп жатыр?» ойыны. Балаларға жануарлардың қимылдарын көрсетуін сұрау («Мысық қалай	

			жатыр?»Баланың суреттегі заттарды сипаттауына көмектесу.	жүреді?», «Құстар қалай ұшады?»).«Жасырылған затты тап» ойыны. Балаға затты сипаттау арқылы табуға көмектесу.	
Серуенгедайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	
Серуен	**Серуен№41** **Бақылау:** Ағаш басындағы құстардың әртүрлі дауысын тыңдау. Көктемде олардың көңілді екенін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Дыбысты қайтала». Тәрбиеші ысқырады немесе дыбыс шығарады, балалар соны қайталайды. **Еңбек:** Ағаш түбіне су құю (құстар отыратын ағаш шөлдемесін). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қай құс шақырды?».** **Барысы:** Тәрбиеші арқасын беріп тұрып дыбыстайды (қар-қар немесе гу-гу), балалар қай құс екенін табады. **Шығармашылық:** Түрлі-түсті қақпақтардан құм бетіне «сиқырлы құс» құрастыру. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке	**Серуен №42** **Бақылау:** Ауладағы барлық құстарды (торғай, көгершін, қарға) қайта тану. Олардың бізге пайдасы туралы айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Бинокль». Қолды дүрбі қылып, алыстағы құстарды «бақылау». **Еңбек:** Серуен алаңын мерекеге дайындағандай тазалап жинау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшты-ұшты мерекесі».** **Барысы:** Барлық үйренген құстардың қимылын кезекпен жасап, музыкамен билеу. **Шығармашылық:** Асфальтқа түрлі-түсті борлармен «Құстарға сыйлық» (гүлдер мен дөңгелектер) салу. (Адамгершілік, экологиялық білім,	**Серуен №43** **Бақылау:** Құстардың ұяда тыныш отырғанын бақылау. Олардың жұмыртқа басып жатқанын, сондықтан шуламау керектігін түсіндіру. **Тәжірибе-зерттеу:** «Пішін тану». Тас пен сопақша ойыншықты салыстырып, құстың жұмыртқасы қандай болатынын (сопақша) талқылау. **Еңбек:** Ағаш түбіне құстарға арнап жұмсақ шөптер мен мақта үзінділерін себу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұядағы торғайлар».** **Барысы:** Жерге шеңберлер сызылады. Балалар «ұяда» отырады. Тәрбиеші «Күн жылынды!» десе — ұшады, «Түн болды!» десе — тез ұяларына келіп тығылады. **Шығармашылық:** Құмнан «ұя» жасап, ішіне	**Серуен №44** **Тақырыбы:** «Еңбекке баулу» **Міндеті:** Балаларды қарапайым еңбектің нәтижесін бағалауға үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада / бөлмеде: Балалар бірге топырақты қазып, гүл отырғызады немесе ойыншықтарды жинастырады **Тәжірибелік іс-әрекет:** Шағын жобалар жасау, заттарды біріктіру **Еңбек әрекеті:** Жұмыс нәтижесін бағалау, таза ұстау **Нәтиже:** Балалар еңбектің нәтижесін бағалай алады, бірлесіп жұмыс істей біледі **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	

	баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	ақ тастардан «жұмыртқа» орналастыру. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**		
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу	
Кешкі ас	Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаға тамақтың пайдалы әрі дәмді болатынын көрсету,ас үй құралы мен ыдыс-аяқтарды пайдалану туралы қарапайым дағдыларды көрсету. **Кешкі аспен таныстыру картоп езбесі Шырын нан** **Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-	**Тақырыбы:** «Төрдегі жастық». **Міндеті:** Қылқаламмен	**Тақырыбы:** «Мерекелік дастарқан». **Міндеті:** 20 күн ішіндегі	**Тақырыбы:** «Жылы мәсіні безендіру». **Міндеті:** Қылқаламмен	**Тақырыбы:** «Сыйлық салатын әмиян». **Міндеті:** Қылқаламның	

рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	солдан оңға қарай ырғақты бояу; Шаршы пішінді оюларды қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Шаршы пішінді жастықтың ортасын қылқаламмен солдан оңға қарай ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Пластилиннен шаршы және үшбұрыш пішінді элементтерді есіп, жастықтың бұрыштарына өрнек ретінде жапсыру. **Жапсыру іс-әрекеті:** Дайын қиылған «қошқармүйіз» оюларын жастықтың ортасына пішінін ескере отырып, ұқыпты жапсыру. **Нәтиже:** Шаршы пішінді бояуды (көлденең) меңгереді; композицияны дұрыс құрастырады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	барлық техниканы (бояу, мүсіндеу, жапсыру) жиынтық жұмыста қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Үлкен дастарқанның бетіне қылқаламмен жуан және жіңішке сызықтармен өрнектер салу (жоғарыдан төмен, солдан оңға). **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Пластилиннен түрлі пішінді (дөңгелек, сопақ, шаршы) «бауырсақтар» мен «оюларды» мүсіндеп, дастарқанға орналастыру. **Жапсыру іс-әрекеті:** Дастарқанның жиектерін ұлттық оюлармен, арақашықтықты қатаң сақтай отырып, салтанатты түрде безендіру. **Нәтиже:** Барлық шығармашылық техниканы еркін қолданады; ұжымдық жұмыстың нәтижесіне қуанады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	жоғарыдан төменге қарай ырғақты бояу; Сопақ пішінді оюларды қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Мәсінің қонышын қылқаламмен жоғарыдан төменге қарай шеткі сызықтан шықпай, бірқалыпты бояп шығу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Пластилиннен сопақ және дөңгелек пішінді «моншақтар» мүсіндеп, мәсінің жиегіне басып орналастыру. **Жапсыру іс-әрекеті:** Мәсінің өкшесі мен тұмсығына дайын қиылған кішкентай өрнектерді пішінін ескере отырып жапсыру. **Нәтиже:** Бояуды бір бағытта (тік) жағуды бекітеді; тұрмыстық затты безендіруде ұқыптылық танытады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	ұшымен жіңішке сызықтар жүргізу; Дөңгелек пішінді оюларды қолдану. **Сурет салу іс-әрекеті:** Әмиянның (макеттің) бетіне қылқаламның ұшымен жіңішке «жіптер» мен «шашақтар» (ирек сызықтар) салу. **Мүсіндеу іс-әрекеті:** Пластилиннен дөңгелек пішінді «теңгелер» мүсіндеп, оның бетіне саусақпен басып өрнек салу. **Жапсыру іс-әрекеті:** Әмиянның ортасына дайын дөңгелек оюларды арақашықтықты сақтай отырып, ретімен жапсыру. **Нәтиже:** Жіңішке сызықтарды жүргізу техникасын меңгереді; затты симметриялы безендіреді. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	
Балалардыңүйгекайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	

Тексерген Әдіскер: **Абсанова.Н**

Тәрбиешілер: Асылбекова.Р Досымова.А

ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022жылғы 9 қыркүйегіндегі №394 бұйрығына 2 қосымша,
2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрық , №348 бұйрықтар негізінде құрылған 194 бұйрық 1, 2 қосымша , 26 мамыр 2025 №123 бұйрық «Адал азамат»Біртұтас тәрбие құндылықтары негізінде жасалып, «Адалдық әліппесі» бойынша дидактикалық ойындар жинағы кіріктірілген.

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Мамыр 1-апта
Ересек 4 -жас
«Бірлік пен
ынтымақ айы»
Апталық дәйек сөз: **«Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»**

https://www.youtube.com/playlist?list=PLYowElR0mJR1I5_dpO1zTRHL43nXk08R8&utm_source=chatgpt.com **Адай күйі**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.05.2026	Сейсенбі 05.05.2026	Сәрсенбі 06.05.2026	Бейсенбі 07.05.2026	Жұма 08.05.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Балалардың үйде немен айналысқанын , бүгінгі көңіл күйін сұрау **Медбике тексеруі** **ҚР Гимн орындау** **«Күй күмбірі» - Құрманғазы Сағырбайұлы** – "Сарыарқа", "Адай" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасызданса, оны жұбату, қолдау көрсету **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» - Тәттімбет Қазанғапұлы** – "Саржайлау", "Бестөре" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **Ұлттық құндылықты дәріптеу** **«Ұлттық киімдер»**: Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы айтып, суреттер көрсету. Киімдерді көрсетіп, олардың маңызын түсіндіру.	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» - Қазанғап Тілепбергенұлы** – "Көкіл", "Шыныаяқ тастар" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру		Баланы жылы шыраймен қарсы алып, есімін атап, «Сені көргеніме қуаныштымын» деп айту. Үйде немен айналысқаны туралы сұрау **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**
Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Кеңес беру:** «Үйде сөйлеу дағдыларын қалай дамытуға болады?» **Практикалық жаттығулар:** Ата-аналармен бірге ертегі оқу, әңгімелесу жаттығуларын жасау. «Күнделікті 10 минут» (Күніне 10 минут баламен әңгімелесу,	**"Баланың ұсақ моторикасын дамыту"** **Мақсаты:** Саусақ моторикасының маңызын түсіндіру. Баланың қол бұлшықеттерін дамытуға көмектесетін ойындармен таныстыру. **Талқыланатын мәселелер:** Ұсақ моторика мен сөйлеу арасындағы байланыс. Саусақ жаттығулары мен	**"Баланың қозғалыс белсенділігі: денсаулық кепілі"** **Мақсаты:** Баланың қимыл-қозғалыс белсенділігінің маңызын түсіндіру. Үй жағдайында қимылдық ойындарды ұйымдастыру жолдарын қарастыру. **Талқыланатын мәселелер:** Қимыл-қозғалыстың физикалық және		Психологтың кеңесі: Баланың балабақшаға бейімделу процесі (мінез-құлқы, эмоциялары, басқа балалармен қарым-қатынасы) туралы әңгіме жүргізу

	сұрақ қою, ой бөлісу). .Ата-анамен консультация	пластилин, ермексаз, қиынды қағазбен жұмыс жасау. Үйде қолдануға болатын қарапайым әдістер. Ата-анамен консультация	психологиялық маңызы. Баланы дұрыс отыруға, жүруге, жүгіруге үйрету. Ата-анамен консультация		
Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Тіл дамыту :** Менің отбасым **Қоршаған орта:** Отбасы мүшелері **Ойын барысы:** Балаларға отбасы мүшелерінің (әке, ана, аға, әпке, әже, ата) суреттері таратылады. Әр бала суретті көрсетіп, кім екенін айтып, өз отбасынан кім бар екенін әңгімелейді. Сұрақтар: «Сенің анаңның аты кім?», «Үйде кімдерді жақсы көресің?**(Тіл дамыту ,қоршаған әлемментаныстыру)** **Мақсаты**: Үлкендерді құрметтеуге үйрету; жолда жүру ережесін білу; шамадан тыс суды төкпеуге баулу. **Ойын барысы**: «Қонаққа барғанда» рөлдік ойын. Балалар қонаққа барғандағы әдеп ережесін сахналайды. Суды үнемдеуге арналған «Су қайда кетіп қалды?»	**Тіл дамыту :** Менің есімім **Қоршаған орта:** Мен – балабақшада **Ойын барысы:** «Атымды айтсам – мені тап» ойыны. Әр бала өзінің толық есімін айтады. Тәрбиеші есімге сай сурет немесе белгі береді. Содан соң балалар өздері туралы 1-2 сөйлеммен айтып береді. Мысалы: «Менің атым – Айдана. Мен 4 жастамын. Мен балабақшаға барамын.» **(Тіл дамыту ,қоршаған әлемментаныстыру)** **Мақсаты**: Ұлттық тағамдарды таныту; ыстықтан сақтану ережесін үйрету; нанды қадірлеуге баулу. **Ойын барысы**: «Дастархан мәзірі» сюжеттік ойын. Балалар ұлттық тағам түрлерін суреттеп, дастархан жасайды. **Өнегелі минут**: «Нанды аяққа тастама». **Қауіпсіздік**: Ыстыққа күйіп қалмау ережесі. **Үнемдеу**: Тамақты ысырап	**Тіл дамыту :** *Қала мен ауыл туралы әңгімелеу* **Қоршаған орта:** *Ауыл мен қала өмірі* **Ойын барысы:** Балаларға ауыл мен қала көріністері бар суреттер ұсынылады. Олар қай сурет ауылға, қайсысы қалаға тән екенін анықтайды. Әр бала сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын жеткізеді. Мысалы: «Ауылда сиыр, қой болады. Қалада көп көлік бар.» **(Тіл дамыту ,қоршаған әлемментаныстыру)** **Мақсаты**: Киіз үйдің құрылымымен танысу; от пен тоққа жоламау ережесін үйрету; киімге ұқыпты болуға баулу. **Ойын барысы**: «Киіз үй құрастырайық» ойыны. Балалар үлгі арқылы киіз үйді құрастырады. **Өнегелі минут**: «Үлкеннің сөзін тыңда, үйрен». **Қауіпсіздік**: Ток көздерінен алыс болу. **Үнемдеу**: Киім-кешекке ұқыптылық. **Өнегелі минут,**		**Тақырыбы:** Менің сүйікті ойыншығым. **Міндеті:** Ойыншықты сипаттау арқылы байланыстырып Тіл дамыту және өлеңді сезіммен айтуды үйрету. **Тіл дамыту барысы:** Бала өзіне ұнайтын ойыншық туралы «Бұл не?», «Түсі қандай?», «Не істейді?» деген сұрақтарға баяу, толық жауап беруі керек. **Көркем әдебиет барысы:** А. Бартоның «Ойыншықтар» топтамасынан бір өлеңді (мысалы, «Қонжық») мәнерлеп жаттау. **Нәтиже:** Сұрақтарға дұрыс қарқынмен жауап береді; өлеңді нақышына келтіріп айтады.

	ойыны. **Өнегелі минут**: «Ата-әжені тыңдау – ұлттық тәрбие бастауы». **Қауіпсіздік**: Жолдан өту ережесін қайталау. **Үнемдеу**: Су, жарық үнемдеу жайлы қысқа түсініктеме. **Өнегелі минут, Қауіпсіздік, Үнемдеу дағдыларын қалыптасытру**	етпеу туралы түсінік. **Өнегелі минут, Қауіпсіздік, Үнемдеу дағдыларын қалыптасытру**	**Қауіпсіздік, Үнемдеу дағдыларын қалыптасытру**		
Таңертенгілік жаттығу	**Таңертеңгі Жаттығу №1** **"Көңілді жануарлар"** Музыка: **"Аю отыр партада"** "Аю оянды" – Қолды жоғары көтеріп, созылу. "Қоян секірді" – Орындарында жоғары секіру. "Түлкінің құйрығы" – Бір аяқпен тепе-теңдікті ұстау. "Үндемес тасбақа" – Баяу еңбектеу. "Қанат қаққан құстар" – Қолды жан-жаққа сермеу.	**Таңертеңгі Жаттығу кешені №2** **"Күншуақта серуен"** Музыка: **"Күннің көзі ашылды"** "Күнге қараймыз" – Қолды жоғары созып, керілу. "Желмен тербелеміз" – Денені оңға, солға баяу бұру. "Көбелектің қанаты" – Қолды екі жаққа созып, баяу сермеу. "Гүлге секіру" – Аяқпен жеңіл секіру. "Жапырақтай тербелу" – Жайлап отырып, қайта тұру.	**Таңертеңгі Жаттығу кешені №4** **"Жаңбырдан кейін"** Музыка: **"Жаңбыр жауды"** "Бұлттар келді" – Қолды жоғары көтеріп, баяу сермеу. "Жаңбыр тамшылары" – Саусақтармен тырсылдатып, қолды төмен түсіру. "Кемпірқосақ" – Денені оңға, солға иіп, қолмен доға сызу. "Шалшықтан секіру" – Бір орында жеңіл секіру. "Күн шықты" – Қолды жоғары көтеріп, айналу.		**Жаттығу кешені: 3** **«Аю жүрісі»:** Аяқты алшақ қойып, екі жаққа теңселіп, ақырын жүру. «Майпаң-майпаң». **«Аю бал жейді»:** Еңкейіп, қолды ауызға апару, сосын бойды түзеп «Рақмет» деу. **«Аю демалады»:** Жерге отырып, аяқты алға созып, саусақтарды қимылдату.
Таңғы ас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру **Таңғы аспен таныстыру** **Үнемді пайдалану** **"Тағамды ысырап**	**«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)** Балаларға қолды дұрыс жуу дағдыларын үйрету. Балалар бөлмеге кіріп, алдымен қолдарын жылы сумен жуады. **Тамақтануға дайындық**	Балаларға тамақты үрлеу арқылы суыту керектігін үйрету.Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**		Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

	етпе" (Тағамды дұрыс қолдануға үйрету) **Мақсаты:** Балаларға тағамды ысырап етпей, тек қажет болған мөлшерде жеуге үйрету. **Өткізу барысы:** Балаларға тамақты тек қажет мөлшерде алып, оны толықтай жеуді үйрету. Тамақты ысырап етпеудің маңызын түсіндіру. Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҰІӘ	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу		Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Музыка** **"Қазақтың халық әндері"** **Мақсаты:** Қазақтың халық әндерін тыңдату арқылы музыкалық мәдениетін қалыптастыру. **Іс-әрекеттер:** **Музыканы эмоционалды қабылдау:** "Әлди-әлди" бесік жырын тыңдату, оның баяу әрі нәзік сипатын сезіндіру. **Ән айту дағдылары:** "Кішкентай" әнін жаттату (тәрбиешінің көмегімен). **Қимылды ойындар:** Әннің ырғағына сай шеңбер бойымен жүру, қол қимылдарын орындау. **Би қимылдары:** Орамалмен билеу, ән ырғағына сай қарапайым қимылдар жасау. **Қазақ тілі** **"Зат есімдерді үйренеміз"** **Мақсаты:** Балаларды зат есіммен таныстыру, оны дұрыс қолдануға үйрету. **Тілдік дамытушы орта:** Балаларға суреттер көрсетіп, олардың атын сұрау. **Сөйлеудің дыбыстық**	**Дене тәрбиесі.** **"Қимылды дамытамыз"** **Мақсаты:** Негізгі қимыл дағдыларын жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін дамыту. **Негізгі қимылдар:** Жүруді секірумен алмастыру. Қолды екі жаққа созып, басына қапшық қойып жүру. Заттардан аттап өту. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолдың білектерін айналдыру. Аяқты айқастырып, отыру және тұру. **Қимылды ойын:** "Құрсаулардан секіру" (балалар құрсауларды айналып немесе ішінен секіріп өтеді). **Сауықтыру шаралары:** Желдетілген бөлмеде жаттығу жасау. Жеңіл әрі ыңғайлы киім кию. **Үнемдеу дағдыларын қалыптастыру** **Әдет: «Суды үнемде».** Қол жуғанда суды қатты ағызбау, сабындағанда кранды жабу. «Су — байлық» екенін айту. **Қаржылық сауаттылық дағдысы Ойын: «Қонаққа барамыз».** Қолда бар заттардан (қағаз,	**Дене тәрбиесі.** **"Қимылды дамытамыз"** **Мақсаты:** Негізгі қимыл дағдыларын жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін дамыту. **Негізгі қимылдар:** Жүруді секірумен алмастыру. Қолды екі жаққа созып, басына қапшық қойып жүру. Заттардан аттап өту. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолдың білектерін айналдыру. Аяқты айқастырып, отыру және тұру. **Қимылды ойын:** "Құрсаулардан секіру" (балалар құрсауларды айналып немесе ішінен секіріп өтеді). **Сауықтыру шаралары:** Желдетілген бөлмеде жаттығу жасау. Жеңіл әрі ыңғайлы киім кию. **(Физикалық дағдыларды қалыптастыру)** **Адалдық әліппесі: «Уәде — берік сөз»Ойын: «Уәде беремін».** Кішкентай бөбекке «Серуеннен кейін сурет саламыз» деп уәде беріп, оны міндетті түрде орындау арқылы үлгі көрсету.«Біреудің затын сұрап ал». Егер досыңның қарындашы керек болса: «Берші» емес, «Сұрап ал».		**Музыка** **"Музыканы сезіну және бірге орындау"** **Мақсаты:** Музыка арқылы баланың өзін еркін сезінуіне көмектесу. **Музыканы эмоционалды қабылдау:** "Балбырауын" күйін тыңдап, көңілді және шапшаң сипатын ажырату. **Ән айту дағдылары:** "Біз өмірдің гүліміз" әнін орындау. **Қимылды ойындар:** "Бір, екі, үш – би басталды" ойынын ойнау. **Би қимылдары:** Қазақтың халық биінен қарапайым қимылдар жасау.

	мәдениеті: Сөздерді анық айтуға жаттықтыру. **Сөздік қор:** Үй жануарлары мен жемістердің атауын үйрету (мысық, ит, алма, банан). **Тілдің грамматикалық құрылымы:** "Бұл не?" сұрағына толық жауап беру. **Байланыстырып сөйлеу:** "Менің сүйікті тағамым" тақырыбында қысқа әңгіме құрастыру. **(Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Тіл дамыту .)**	ермексаз) сыйлық жасау. «Сыйлықты сатып алу міндетті емес, өз қолыңмен жасау — үнемді әрі қымбат».**:** «Ақша — еңбекпен келеді». Ойыншық ақшаларды (тиындарды) тек «жұмыс істеген» (ойыншығын жинаған, гүлге су құйған) кезде беріп, оған «дүкеннен» тәтті алуды ойнату.	Қайтарғанда «Рақмет» айт.		

Екінші таңғы ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	**«Асыңды күтіп ал!» (Қарапайым тапсырмалар)** Балаларға асты күтуді үйрету, жауапкершілік сезімін дамыту.Балаларға үстелдің таза болуын бақылап, әрқайсысы өз орнына тәрелке мен қасық қойып, орындықты түзу орналастырады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**		Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Серуенге дайындық	**"Киімімді дұрыс киемін" (Өзін-өзі күту дағдысын дамыту)** балаларға көктемде қандай киімдер кию керектігін көрсету "Алдымен іш киім, содан кейін шалбар, жемпір, сосын күртеше" деп ретімен түсіндіру Балалар тәрбиешінің көмегімен өз бетінше киінеді.	**"Бір-бірімізге көмектесеміз" (Қайырымдылық пен достықты дамыту)** Балалар киіну кезінде бір-біріне көмек көрсетеді (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады.	**"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу		Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен	**Серуен картотекасы№1 "Көктемгі өзгерістер"** 1**Балалардың дербес әрекеті:** Балаларға құмда, асфальтта, шөпте	**Серуен картотекасы №2 "Бұлттар мен жел"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Балалар аулаға еркін шығып, желдің әсерін	**Серуен картотекасы №4 "Көктемгі жаңбыр"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Суланған жерге баспай жүру, судың		**Серуен картотекасы №3 "** **Бақылау:** Қарғаны бақылау. Оның «қар-қар» деген дауысын салу, жүрісін (аяғын нық басып) қайталау.

	жүруді сезіну үшін түрлі жерлермен жүру ұсынылады. 2**Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» ойыны (тәрбиеші «күн шықты» десе, балалар секіреді, «жаңбыр жауды» десе, басын жасырады). 3 **Бақылау:** Ағаш бүршіктерін, көктемгі гүлдерді бақылау. Балалардан «Ағаштар қыста қандай болды?» «Қазір қалай өзгерді?» деп сұрау. 4 **Еңбекке баулу:** Жапырақтар мен қоқыстарды жинау. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру	сезініп, жүгіріп, ойнайды. 2 **Қимылды ойын:** «Жел мен ағаш» ойыны (тәрбиеші «жел соқты» дегенде, балалар ағаш секілді шайқалады). 3 **Бақылау:** Аспандағы бұлттарды бақылау (ақ, қара, пішіндерін талқылау). Желдің бағытын анықтау (шаш, жапырақ қалай қозғалады?). 4 **Еңбекке баулу:** Қоқыстарды жинау Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру,	тамшылағанын бақылау. 2 **Қимылды ойын:** «Тамшылар» ойыны (балалар жаңбыр тамшысы секілді биіктен төмен секіреді). 3 **Бақылау:** Жаңбыр тамшыларын, су жиналған жерлерді қарастыру. Судың дыбысын тыңдау, оның түсін бақылау. 4 **Еңбекке баулу:** Топырақты суарып көру, оның түсі мен құрылымының өзгеруін бақылау. **Қоршаған Әлеммен таныстыру, тәжірибелік жұмыс, еңбекке баулу**		**Тәжірибе-зерттеу:** «Жылтыр заттар». Күн көзіне жылтыр қағазды (фольга) тосып, қарғаның назарын аудару, жарықтың шағылысуын көру. **Еңбек:** Ауладағы құрғақ бұтақтарды жинап, бір жерге үйю (құстар ұя салады деп түсіндіру). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарғалардың ұясы».** **Барысы:** Едендегі шеңберлерге қарғалар қонып отырады. «Қарғалар ұшты!» дегенде ұшады, «Ұяға!» дегенде әркім өз шеңберіне қос аяқпен секіріп түседі. **Шығармашылық:** Асфальтқа бормен қарғаға арнап «дөңгелек дән» салу. (Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу	Балалар серуеннен кейін міндетті түрде қолдарын сабынмен жуады. Балалардың денесін шынықтыру мақсатында жеңіл жаттығулар немесе тыныс алу гимнастикасы өткізіледі. Бұл олардың денсаулығын нығайтып, иммунитетін көтереді.**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын**	**Киімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға**		Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**

	Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу	**қалыптастыру**	**баулу**		
Түскі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	**«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)** Балаларға қолды дұрыс жуу дағдыларын үйрету. Балалар бөлмеге кіріп, алдымен қолдарын жылы сумен жуады. **Тамақтануға дайындық**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**		Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Күндізгі ұйқы	**Бөлмені желдету:** Ұйқы алдында бөлмені жақсылап желдетіп, таза ауамен қамтамасыз ету. **Жайлы орта құру:** Бөлмедегі жарықты бәсеңдетіп, тыныштықты сақтау. **Релаксациялық жаттығулар:** Балалардың бұлшықеттерін босаңсыту үшін жеңіл жаттығулар немесе тыныс алу гимнастикасын өткізу	**Әуенмен тыныштандыру** Балалардың эмоцияларын реттеу және олардың ағзасын қалпына келтіру.Жеңіл әуендер тыңдап, балаларға бірқалыпты тыныс алуға көмектесетін музыканы тыңдату.	**Температура режимі:** Бөлмедегі температураны қолайлы деңгейде ұстау. **Тыныштықты сақтау:** Балалардың ұйқысы кезінде шуды болдырмау.		Жайлы киім киюге көмектесу, «Адал ас» ертегісінің аудио нұсқасын қосу. Бөлмеде тыныштық орату
Біртінде п ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Құстардың дауысы жазылған аудионы қосу Балаларға созылу жаттығуларын жасау *(қолдарын жоғары көтеру, саусақтарын*	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау		Жағымды музыка қою Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар

	қозғалту). **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	**«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	**«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**		
Бесін ас	**«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)** Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	**«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)** Балаларға қолды дұрыс жуу дағдыларын үйрету. Балалар бөлмеге кіріп, алдымен қолдарын жылы сумен жуады. **Тамақтануға дайындық**	**«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)** Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүртуі және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**		Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Міндеті:** 5 көлемінде тура санауға жаттықтыру. Оригами арқылы үшбұрыш жасауға үйрету. Кейіпкердің мінезін (қатыгез-мейірімді) салыстыруға ынталандыру. **Ойын барысы:** – «Сана да, орналастыр!» ойыны: балалар түрлі пішінді санау арқылы орналастырады (1-түсті, 2-дөңгелек...). – «Үшбұрышты	***Қызығушылықтарын ояту (вариатив)*** *Жұмбақ жасыру. Қылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен. (құмырсқа)* *3.Ертегіні айтып беру*  . *4.Ертегі желісі бойынша сұрақ қою.*	**Міндеті:** Заттарды өсу ретімен орналастыру. Оригами арқылы балық жасау. Салмақты сөйлеуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** – «Өсіп келе жатыр!» ойыны: әртүрлі көлемдегі кеселерді кішіден үлкенге орналастыру. – «Балық жасап алайық!» – оригами арқылы балық құрастыру. – «Кім қалай сөйлейді?» ойыны: балалар эмоциясыз сөздерді салмақты		**Тақырыбы:** Біз не үйрендік? **Міндеті:** Өтілген математикалық ұғымдарды (үлкен-кіші, артық-кем) құрастыру арқылы қорытындылау. **Математика негіздері барысы:** Түрлі бөлшектерді араластырып қойып, балаларға «үлкендерін бір бөлек, кішілерін бір бөлек» жинауды тапсыру. **Құрастыру барысы:** Өз қалауы бойынша құрылыс жасау. Жұмыс барысында тәрбиеші: «Бөлшектерің

	жапалақ» оригами жасау. – «Сиқырлы айна» ойыны: балалар ертегіден кейіпкер таңдап, оның мейірімді не қатыгез екенін айтады. **Математика негіздері , Көркем әдебиет, құрасыру дағдыларын дамыту**		дауыспен айтуға машықтанады. **Математика негіздері , Көркем әдебиет, құрасыру дағдыларын дамыту**		артық па, әлде кем бе? Қайсысы үлкен?» деп сұрақтар қояды. **Нәтиже:** Жалпы шама бойынша заттарды белгілейді; жұмыс орнын толық тазалап жинайды. **Математика негіздері , құрастыру таным іс-әрекеті**
Жеке баламен жұмыс	**Мониторинг бойынша Баламен жеке жұмыс: Асан,Айша,Данияр** Эмоцияларды түсіну және танып-білу. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту. **Жұмыс түрлері:** «Смайликтер» – қуаныш, реніш, таңғалу, қорқу эмоцияларын сипаттау. «Достық шеңбері» – дос болу, бірге ойнау туралы әңгімелесу. «Жақсы сөздер» – жылы сөздер айту және оларды қолдану.	**Мониторинг бойынша жұмыс** Баланың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру. Табиғи құбылыстарды түсіндіру. **Жұмыс түрлері:** «Жануарлардың дауысы» – әр жануардың даусын салып көру. «Жапырақтар мен гүлдер» – түрлі өсімдіктерді танып-білу. «Ауа райын бақылау» – күннің, бұлттың, жаңбырдың, желдің әсерін талқылау.	**Мониторинг бойынша Баламен жеке жұмыс:** **Эмоциялармен жұмыс**: Баламен оның эмоцияларын қалай тануға болатынын және оларды дұрыс басқаруға үйрету (қатты ашулану, көңілсіз болу, қуану). **Ойындар**: Эмоциялар мен көңіл-күйді білдіретін картиналармен жұмыс жасау.		**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Танымдық дағдыларды жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Балалар негізгі түстерді ажыратады, пішіндер мен көлемдерін салыстырады
Серуенге дайындық	**"Киіну мен шешіну реті"** **(Реттілікті сақтау дағдысын жетілдіру)** Балалар дұрыс киіну ретін қайталайды. "Қайсысы бірінші?" ойыны – Балалар киіну ретін рет-ретімен айтып береді. Серуеннен кейін балалар өздігінен	**"Көктемде қалай киінеміз?"** **(Серуенге дұрыс киіну дағдысын бекіту)** балаларға көктемгі ауа райына сәйкес киіну керектігін түсіндіру "Не артық?" ойыны – әртүрлі киімдерді көрсетіп, балалар тек көктемгі киімдерді таңдайды. Балалар өздігінен киініп,	**"Киім қайда тұрады?"** **(Тазалыққа және тәртіпке баулу)** Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім –		Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту

	шешінеді, киімдерін шкафқа дұрыс орналастырады.	бір-біріне көмектеседі.	төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу.		
Серуен	**Серуен картотекасы №6** **"Жасыл әлем"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Шөптерді, жапырақтарды қолмен ұстап, олардың құрылымын сезіну. 2 **Қимылды ойын:** «Өсімдік қалай өседі?» ойыны (балалар жаңбыр тамшысы секілді қозғалып, өсімдіктер секілді көтеріледі). 3 **Бақылау:** Өсімдіктер қалай өзгереді? Олардың түсі, пішіні қандай? 4 **Еңбекке баулу:** Гүлдерді, ағаштарды суару. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру	**Серуен картотекасы №7** **"Көктемгі самал жел"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Желдің бетке тигенін сезу, жапырақтардың қозғалысын бақылау. 2 **Қимылды ойын:** «Жел мен жапырақтар» ойыны (тәрбиеші «жел соқты» десе, балалар жапырақ секілді қозғалады). 3**Бақылау:** Желдің бағытын қалай білуге болады? 4**Еңбекке баулу:** Ауладағы қураған жапырақтарды жинау. **Тәжірибе: "Жел қалай қозғалады?"** Жеңіл заттарды (қағаз, қауырсын) үстелден үрлеу арқылы желдің бағытын анықтау. **Қоршаған әлеммен таныстыру, тәжірибелік жұмыс, еңбекке баулу Қоршаған әлементаныстыру**	**Серуен картотекасы №9** **"Көктемгі су қоймалары"** 1 **Балалардың дербес әрекеті:** Судың түсін, мөлдірлігін, қозғалысын бақылау. 2 **Қимылды ойын:** «Су тамшысы» ойыны (балалар су тамшысы секілді жоғарыдан төмен секіреді). 3 **Бақылау:** Су қайдан келеді? 4 **Еңбекке баулу:** Өсімдіктерді суару. **Тәжірибе: "Су қайда кетті?"** Суға мақта малып, ол қайда сіңетінін қарау. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**		**Серуен картотекасы№6** **Бақылау:** Үйректерді тану. Олардың «бақ-бақ» деп дыбыстайтынын, суда жүзетінін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жүзетін және бататын заттар». Ыдыстағы суға тас (батады) және жеңіл пластмасса үйрек (жүзеді) салып, салыстыру. **Еңбек:** Гүлзардағы (клумба) алғашқы бүршіктерге су құю. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үйректер көлшікте».** **Барысы:** Асфальтқа сызылған «көлшіктерден» үйрекше басып аттап өту. «Бақ-бақ» деп дыбыстау. **Шығармашылық:** Көк бормен асфальтқа үлкен «көлшік» (сопақша) салу. (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту **Қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру	Балалар серуеннен кейін міндетті түрде қолдарын сабынмен жуады. Балалардың денесін	**Киімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе		Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға

	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	шынықтыру мақсатында жеңіл жаттығулар немесе тыныс алу гимнастикасы өткізіледі. Бұл олардың денсаулығын нығайтып, иммунитетін көтереді.**Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**		салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу
Кешкі ас	. Балалардың өзін-өзі күту дағдыларын дамыту (қол жуу, үстел басында дұрыс отыру, ас құралдарын қолдану). Ыстық тамаққа күйіп қалмау ережелерін түсіндіру. Әдептілікке, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балалар өз орындарына тыныш отырып, тәрбиешінің белгісін күтеді. "Рақмет" және "Ас дәмді болсын!" деген сыпайы сөздерді үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Ыстық тамақтың буы шыққанда, үрлеу немесе суып қалғанын күту керектігін түсіндіру. Шанышқы, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. Тамақты үстел басында асықпай жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**		Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес әрекеті(қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)	**Міндеті:** Мүсіндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау: ауызға салмау, көзге жақындатпау. Қол саусақтарының қозғалысын дамытып, ұсақ мүсіндер жасауға үйрету. Мүсіндеу құралдарын дұрыс пайдалануға баулу. **Ойын барысы:** – «Бауырсақ мүсіндеу» – балалар ертегі кейіпкерін жасап көреді.	**Міндеті:** Жапсыруда қауіпсіздік ережесін сақтау: желімді артық қолданбау, көзге тигізбеу. Қағазбен жұмыс істеу кезінде ұқыпты болуға тәрбиелеу. Суретке қажетті бөліктерді дұрыс орналастыруды үйрету. **Ойын барысы:** – «Көңілді көкөністер» – дайын кесінділерден жапсыру. – «Қайсысы қайда?» – балалар пішін бөліктерін	**Міндеті:** Сурет салуда еркіндік беру арқылы шығармашылықты дамыту. Арқаны тік ұстап, дұрыс отырудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру. Бояуды үстелге төкпей, таза жұмыс істеуге баулу. **Ойын барысы:** – «Гүл бақшасы» – әр бала өз гүлін салады. – «Сенің арқаң түзу ме?» – айнаны пайдаланып, өз позасын бақылау. – Салынған суретті бірге тамашалап, мадақтау.		**Тақырыбы:** Менің қауіпсіз балабақшам. **Міндеті:** Ғимарат ішіндегі қозғалыс қауіпсіздігін үйрету; шығармашылық қиялды дамыту. **Қоршаған әлем:** Баспалдақпен жүру ережесі: «Таяныштан (перила) ұстау, жүгірмеу». Серуенде жолға шықпау, отпен ойнамау. **Сурет салу:** Қағаз бетіне өз бетінше «Балабақша ауласының» суретін (еркін тақырып) салу. Қарындашты немесе

	– «Қайсысы дөңгелек?» – пластилиннен домалақ пішін жасау. – Сабақ соңында қолданған заттарды орнына қою. **Мүсіндеу ,сурет салу , жапсыру моторикасын дамыту**	өз орнына жапсырады. – Қол сүртетін майлықпен қолдарын сүртіп, жұмыс орнын жинау. **Мүсіндеу ,сурет салу , жапсыру моторикасын дамыту**	**Мүсіндеу ,сурет салу , жапсыру моторикасын дамыту**		қылқаламды ұқыпты ұстау. **Мүсіндеу:** Ермексаздан ұзын таяқшалар (баспалдақ тұтқаларын) есу. **Нәтиже:** Баспалдақта қауіпсіздік сақтайды; өз ойын сурет арқылы жеткізе алады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру Қоршаған әлеммен таныстыру іс-әрекеттері**
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.		Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Әдіскер: Абсанова.Н

Тәрбиешілер: Асылбекова.Р Досымова.А

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Мамыр 2-апта
Ересек 4-жас
«Бірлік пен
ынтымақ айы»
Апталық дәйек сөз: **«Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»**

Құрманғазы — «Сарыарқа» күй
https://www.youtube.com/watch?v=9Z85hJhqvus&utm_source=chatgpt.com

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.05.2026	Сейсенбі 12.05.2026	Сәрсенбі 13.05.2026	Бейсенбі 14.05.2026	Жұма 15.05.2026
Балаларды қабылдау		Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасызданса, оны жұбату, қолдау көрсету **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» - Тәттімбет Қазанғапұлы** – "Саржайлау", "Бестөре" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» - Дина Нұрпейісова** – "Әсемқоңыр", "Бұлбұл" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» - Қазанғап Тілепбергенұлы** – "Көкіл", "Шыныаяқ тастар" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Әр баланы күлімсіреп, есімімен атап қарсы алу, Бұл балаға өзін ерекше сезінуге мүмкіндік беру. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі» - Құрманғазы Сағырбайұлы** – "Сарыарқа", "Адай" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру

Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру		**Ата-анаға кеңес:** **Экскурсия:** Балабақшадағы сабақтар мен ойын орталарын көрсету. **Тәрбиешілермен кездесу:** Балалардың күн тәртібі, оқу-дамыту жұмыстары туралы ақпарат беру.	**Психологтың кеңесі:** **Кеңес:** **"Мен өзім!" әдісі** – Балаға өздігінен киініп, шешінуге мүмкіндік беру. **"Таңертеңгілік гигиена ойын түрінде"** – Қуыршақтарға қол жуу, тіс тазалау әрекеттерін көрсету.	**Ата-аналармен әңгіме:** **"Баланың шығармашылық қабілетін дамыту"** **Міндеті:** Баланың сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. Көркем шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру. **Талқыланатын мәселелер:** Үйде қарапайым шығармашылық бұрышын жасау. Баланың қиялын дамыту үшін сурет салу, қолөнер жасау.	**Ата –аналармен әңгіме**: **"Баламен сапалы уақыт өткізу жолдары"** **Міндеті:** Баламен қарым-қатынасты нығайту. Қызықты әрі пайдалы іс-әрекеттерді ұйымдастыру. **Талқыланатын мәселелер:** Отбасылық дәстүрлерді енгізу. Телефон мен теледидардың баланың дамуына әсері
Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық эксперименталдық, еңбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		**Тақырыбы:** Дастархан басындағы тәртіп **Міндеті:** – Дастархан басында қолданылатын сыпайы сөздерді меңгерту; – Қазақ халқының қонақ күту мәдениетімен таныстыру. **Ойын барысы:** «Қонаққа бардық» рөлдік ойыны: бір топ бала қонақ, екінші топ – үй иелері. Балалар: «Қош келдіңіз!», «Асыңыз дәмді болсын!» деген сөздерді қолдана отырып, қонақ күту сахнасын ойнайды. **(Тіл дамыту , қоршаған**	**Тақырыбы:** Достық пен кешірім **Міндеті:** – Кешірім сұрау мәдениетін қалыптастыру; – Достық туралы сөздік қорын байыту. **Ойын барысы:** «Сиқырлы сөз» ойыны – әртүрлі жағдаят айтады: «Ойыншықты тартып алды», «Құрдасын итеріп қалды». Балалар: «Кешірші, мен енді бұлай істемеймін» деп жауап береді. **(Тіл дамыту , қоршаған әлеммен таныстыру)** **Міндеті**: Ұлттық	**ақырыбы:** Нан қалай келеді? **Міндеті:** – Диқан еңбегі туралы түсінік беру; – Нанға құрметпен қарауға баулу, байланыстырып сөйлеуін дамыту. **Ойын барысы:** «Дәннен – нанға дейін» ойыны. Балалар сурет немесе макет көмегімен: «Дән егеміз – ол өседі – астық жиналады – ұн тартылады – нан пісіріледі» деген сөйлемдерді құрап айтады.	**Тақырыбы:** Мерекелер **Міндеті:** – Отбасылық және ұлттық мерекелер туралы білімін толықтыру; – Мереке туралы әңгімелей алуын жетілдіру. **Ойын барысы:** «Мерекені тап» ойыны. Балаларға түрлі суреттер көрсетіледі (туған күн, 9 мамыр, той). Әр бала өзіне таныс мереке туралы 2-3 сөйлеммен айтып береді. **(Тіл дамыту , қоршаған әлеммен таныстыру)** **Міндеті**: Қонақ күту мәдениетін үйрету; ыдыс-аяқпен сақ болу;

		әлемментаныстыру) **Міндеті**: Қазақтың музыкалық аспаптарын таныту; қатты дыбыстан қорғану; шамды, электр қуатын үнемдеу. **Ойын барысы**: «Домбыра тартайық» ойыны – аспаптармен танысу, еліктеу. **Өнегелі минут**: «Домбыра – қазақтың жаны». **Қауіпсіздік**: Қатты дыбыстан құлақты сақтау. **Үнемдеу**: Жарықты босқа жақпау. **Өнегелі минут, Қауіпсіздік, Үнемдеу дағдыларын қалыптасытру**	ойындарды білу; далада ойнау кезіндегі қауіпсіздік; ойыншықтарға күтім жасау. **Ойын барысы**: «Асық ойнау», «Арқан тарту» – ұлттық ойындарды сахналау. **Өнегелі минут**: «Ойын – тәрбие құралы». **Қауіпсіздік**: Далада ойнау ережесі. **Үнемдеу**: Ойын құралдарын бүлдірмеу. **Өнегелі минут, Қауіпсіздік, Үнемдеу дағдыларын қалыптасытру**	**(Тіл дамыту , қоршаған әлемменмтаныстыру)** **Міндеті**: Салт-дәстүрді (тұсаукесер) таныстыру; үйде қауіпсіз жүріс-тұрыс; тұрмыстық заттарға үнемді қарау. **Ойын барысы**: «Балапанның тұсауын кесу» – тұсаукесерді ойында көрсету. **Өнегелі минут**: «Дәстүр – ұлттың діңгегі». **Қауіпсіздік**: Үйде сөрелерге шықпау, биіктен секірмеу. **Үнемдеу**: Сабынды көп пайдаланбау, үнемдеу. **Өнегелі минут, Қауіпсіздік, Үнемдеу дағдыларын қалыптасытру**	ыдыстарды таза ұстауға баулу. **Ойын барысы**: «Қонақ күтеміз» рөлдік ойын. **Өнегелі минут**: «Қонақ келсе – құт келеді». **Қауіпсіздік**: Шыны ыдыстармен абай болу. **Үнемдеу**: Ыдысты үнемдеп, таза ұстау. **Өнегелі минут, Қауіпсіздік, Үнемдеу дағдыларын қалыптасытру**
Таңертенгілік жаттығу		**Таңғы жаттығу кешені№6** **"Теңізге саяхат"** Музыка: **"Кеме жүріп келеді"** **"Желкенді кеменің қозғалысы"** – Қолды жан-жаққа жайып, баяу айналу. **"Толқындар тербеледі"** – Оңға, солға ырғалу. **"Балықтар жүзіп жүр"** – Қолды денеге жақын ұстап, шеңбер жасап қимылдау. **"Шалшықтан секіру"** – Бір орында секіру. **"Дем аламыз"** – Терең тыныс алып, баяу еңкею.	**Таңғы жаттығу кешені№7** **"Ғарышқа ұшу"** Музыка: **"Ғарышкер боламыз"** **"Зымыран ұшты"** – Қолды жоғары көтеріп, баяу көтеріліп, секіру. **"Жерсерік айналады"** – Белді айналдыра бұру. **"Айда секіру"** – Жайлап секіру, баяу қозғалу. **"Жұлдыздар жанып-өшті"** – Қолды жоғары көтеріп, шапалақ ұру. **"Қайтадан Жерге оралдық"** – Терең тыныс алып, қолды төмен түсіру.	**Таңғы жаттығу кешені№8** **"Көңілді пойыз"** Музыка: **"Шу-шу, паровоз!"** **"Пойыз жүріп келеді"** – Аяқты бірінен соң бірін қойып жүру. **"Бу шығару"** – Қолды жоғары көтеріп, "ш-ш-ш" деп айту. **"Вагондарды қосамыз"** – Қолды екі жаққа созып, баяу сермеу. **"Туннельден өту"** – Еңкейіп, алақанды жерге қойып, еңбектеу. **"Пойыз тоқтады"** – Қолды төмен түсіріп,	**Таңғы жаттығу кешені№9** **"Алаңда серуен"** Музыка: **"Балақайлар билейді"** **"Күнге созыламыз"** – Қолды жоғары көтеріп, созылу. **"Гүлдер тербеледі"** – Денені оңға, солға баяу бұру. **"Көбелектер ұшты"** – Қолды екі жаққа жайып, жеңіл секіру. **"Құстар қанат қағады"** – Қолды жайлап сермеу. **"Дем аламыз"** – Терең тыныс алып, қолды төмен түсіру.

				баяу демалу.	
Таңғы ас		Балалар өз орындарына тыныш отырып, тәрбиешінің белгісін күтеді. "Рақмет" және "Ас дәмді болсын!" деген сыпайы сөздерді үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Ыстық тамақтың буы шыққанда, үрлеу немесе суып қалғанын күту керектігін түсіндіру. Шанышқы, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. Тамақты үстел басында асықпай жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	"Бұл қандай тағам?" – Бүгінгі мәзір туралы әңгімелеу. "Қандай тағам пайдалы?" – Дәрумендер туралы қысқа түсінік. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҰІӘ		Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу

Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Дене тәрбиесі** **"Салауатты өмір салты"** **Міндеті:** Салауатты өмір салты туралы түсінік қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды жетілдіру. **Негізгі қимылдар:** Заттардан аттап өту. 20–25 см биіктіктен секіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Аяқтың бақайларымен жіпті жинау. Құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып, бір орыннан екінші орынға қою. **Қимылды ойын:** "Маймылдар" (балалар ағаштан ағашқа секіргендей әрекет жасайды). **Салауатты өмір салты:** Асхана құралдарын (қасық, шанышқы, майлық) дұрыс қолдануға үйрету. **Сауықтыру шаралары:** Қимылдауға ыңғайлы киіммен жаттығу орындау **Қаржылық сауаттылықты дамыту** **Ойын: «Дүкенші».** Ойыншық жемістер мен көкөністерді «сатып алу». Ақша ретінде қиылған қағаздарды немесе түрлі-түсті қақпақтарды қолдану.	**Дене тәрбиесі** **"Секірейік, ойнайық!"** **Міндеті:** Балалардың секіру қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалысты үйлестіруді жетілдіру. **Негізгі қимылдар:** Аяқты кезекпен бүгіп, секіру. Қолды екі жаққа созып, бір аяқпен тепе-теңдік сақтау. Заттар арасынан зигзаг жасап жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Білекті айналдыру. Тізені бүгіп, қайта жазу. **Қимылды ойын:** "Кім жылдам?" (Балалар белгі бойынша тез жүгіреді, секіреді, отырады). **Сауықтыру шаралары:** Желдетілген бөлмеде жаттығу жасау. Балалардың киімі қимылға ыңғайлы болуы керек. **Үнемдеу дағдыларын қалыптастыру** **Әдет: «Суды үнемде».** Қол жуғанда суды қатты ағызбау, сабындағанда кранды жабу. «Су — байлық» екенін айту.	**Дене тәрбиесі** **"Салауатты өмір салты"** **Міндеті:** Салауатты өмір салты туралы түсінік қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды жетілдіру. **Негізгі қимылдар:** Заттардан аттап өту. 20–25 см биіктіктен секіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Аяқтың бақайларымен жіпті жинау. Құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып, бір орыннан екінші орынға қою. **Қимылды ойын:** "Маймылдар" (балалар ағаштан ағашқа секіргендей әрекет жасайды). **Салауатты өмір салты:** Асхана құралдарын (қасық, шанышқы, майлық) дұрыс қолдануға үйрету. **Сауықтыру шаралары:** Қимылдауға ыңғайлы киіммен жаттығу орындау **Қаржылық сауаттылықты дамыту** **Тәжірибе: «Тиын салғыш (Копилка)».** Бос құтыға тиындарды (немесе түймелерді) салып, оның сыңғырын	**Музыка**. **"Музыканың көңілді және ойнақы сипаты"** **Міндеті:** Музыка арқылы эмоцияларды ажырату және қимылды үйлестіру. **Музыканы эмоционалды қабылдау:** "Қара жорға" күйін тыңдату, балаларға би қимылдарын үйрету. **Ән айту дағдылары:** "Дос болайық бәріміз" әнін орындау. **Қимылды ойындар:** "Домбыра тартып үйренейік" ойыны (балалар елестетіп домбыра тартады). **Би қимылдары:** Атрибуттармен би қимылдарын орындау (орамал, таяқшалар).

				тыңдау. «Ақшаны жинаймыз» деген түсінік қалыптастыру	

Екінші таңғы ас		**«Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)** Балаларға қолды дұрыс жуу дағдыларын үйрету. Балалар бөлмеге кіріп, алдымен қолдарын жылы сумен жуады. **Тамақтануға дайындық**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Екінші аспен таныстыру** **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**	Балаларға тамақты үрлеу арқылы суыту керектігін үйрету.Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету **Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету**	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Екінші аспен таныстыру** **Коммуникативті дағдыны қалыптастыру**
